ПШАМЫК және ҚМ туралы біраз мәліметтер қарастырған соң, Қатардың халықаралық ұйымдарға мүшелігі, оның ішінде Араб мемлекеттер лигасы мен Ислам ынтымақтастық ұйымындағы орнын зерттеу маңызды деп ойлаймыз.

**Қатардың халықаралық ұйымдардағы рөлі.** Қатар Мемлекеті - **Араб мемлекеттері лигасының (АМЛ)** белсенді мүшесі. 1971 жылы Қатар өз тәуелсіздігін жариялағаннан кейін бірден Біріккен Ұлттар Ұйымына және АМЛ-ға мүше болып қабылданды. Оның ұйымдағы белсенділігі 2010-2011 жылдары араб елдерінде орын алған «араб көктемінің» басталуымен арта түсті [24].

2011 жылы ақпанда Доханың күш-жігерінің нәтижесінде Либияның АМЛ-дегі мүшелігі тоқтатылды. Сонымен қатар, Қатар Мемлекетінің бастамасымен 2011 жылы Араб лигасы БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне Либияның әуе кеңістігінде ұшақтардың ұшуына тыйым салу туралы ұсыныс жасады. Қатар Солтүстік атлантикалық ұйымның (НАТО) Либиядағы шараларына барынша қолдау көрсетті.

2013 жылы көктемде Дохада АМЛ басшыларының саммиті өтіп, Сирияның мүшелігін тоқтату туралы шешім қабылданды. Ресми Дамаскінің

АМЛ-дегі орны Сирия оппозициясына берілді. Аймақтық араб сарапшыларының айтуынша, аталған іс-шаралар Қатардың бастамасымен және қысымымен жүзеге асырылған еді. Тіпті, кейбір шешімдерге байланысты бірқатар араб елдерінің қарсылықтары есепке алынбаған. Атап айтқанда, Сирияның АМЛ-дегі орнын оппозицияға беру туралы бастамаға Алжир, Ирак және Ливан қарсылық білдірген болатын.

2021 жылғы наурыз айынан бастап штаб-пәтері Каирде орналасқан Араб мемлекеттері лигасының 155-ші сессиясына Қатар Мемлекеті төрағалық етуде. 2021 жылғы 3 наурызда ҚМ Премьер-Министрінің орынбасары, Сыртқы істер министрі шейх Мұхаммед бен Әбдірахман Әл-Тәни Каирге жұмыс сапарымен барып, аталмыш сессияның ашылу салтанатына қатысты [25].

2021 жылғы 11 мамырда ол онлайн форматында өткен Араб мемлекеттері лигасының Сыртқы істер министрлері деңгейінде Иерусалимдегі Израиль қылмыстары жөнінде төтенше отырысына қатысты. Өз сөзінде М.Әл-Тәни АМЛ барлық мүшелерінің Палестина халқын қолдайтынын және Израиль агрессиясын тоқтату үшін халықаралық аренада белсенді түрде қозғалу туралы біртұтас шешім қабылдауының маңыздылығын атап өтті.

Бұған қоса Қатар **Ислам ынтымақтастығы ұйымына (ИЫҰ)** 1972 жылы мүше болды. Ислам елдерінің бірігуіне бағытталған ұйым жұмысына да Қатар белсенді араласады [26]. 2000 жылғы қарашада Қатар ұйымға мүше елдер басшыларының саммитін өткізді. Палестина тақырыбына арналған жиынның нәтижесі бойынша интифадаға қолдау білдіруге қатысты мәлімдеме қабылданды.

Жиын барысында баяндама жасаған ҚМ бұрынғы Әмірі шейх Хамад бен Халифа Әл-Тани, Голланд биіктіктері мен Ливанға қатысты жерлерді Израиль қайтармайынша Таяу Шығыста бейбітшілік пен тұрақтылықтың орнамайтынын атап өтті.

2012 жылы 29 қарашада БҰҰ Бас Ассамблеясының Палестинаға бақылаушы-мемлекет мәртебесін беруі Қатардың белсенді араласуының нәтижесінде орын алды.

Ислам Ынтымақтастығы Ұйымы Қатардың 2022 жылы футболдан Әлем чемпионатын өткізу туралы бастамасына қолдау білдіріп, оған қатысты батыстық ақпараттық шабуылдарды да қатаң бақылап отырды. Аталған ұйым Қатардың әлемдік біріншілікті өткізу құқығын жеңіп алуын заңды санайды. Батыс елдерінің бұқаралық ақпарат құралдары Қатардың заңсыз жолмен 2022 жылғы Әлем біріншілігін өткізуді сатып алғаны туралы ақпараттар таратқан кезде бұл ұйым ислам елдерінің БАҚ-на Қатарды қолдап іс-шаралар өткізуге шақырды.

Мұсылман елдерінің тұтастығы мен бірлігіне аса мән беретін Қатар Мемлекеті 2016 ж. 14-15 сәуірде Ыстамбұлда өткен ИЫҰ мүше елдердің 13-саммитіне ҚМ Әмірі шейх Тамим бен Хамад Әл-Тани бастаған делегация қатысты. Жиынның ашылуы барысында жасаған баяндамасында ҚМ Әмірі ислам елдерінің ынтымақтастығын арттыру қажеттігіне тоқталып, мүше елдерді белсенді атсалысуға шақырды. Оның айтуынша, қазіргі уақытта ислам елдеріне

қарсы жасалып жатқан шаралар көбейе түсті және ислам елдері мен оның негізгі діні – Ислам қауіп алдында тұр. Осыған байланысты мұсылман елдерінің тұтастығы қазіргі уақытта аса қажет.

Соңғы жылдары Қатар өзінің сыртқы саясатындағы басты бағыттары ретінде араб мемлекеттері арасындағы ынтымақтастық пен Таяу Шығыс, Сирия, Ирак мәселелерін реттеу, араб елдеріне көмек көрсету тақырыбын жиі көтеріп келеді. Осы ретте, 2018 ж. 18 мамырда ҚМ Әмірі шейх Тәммим бен Хамад Әл-Тәни бастаған жоғары деңгейдегі делегация Ыстамбұлда өткен Палестина мәселесіне қатысты Ислам Ынтымақтастығы Ұйымының кезектен тыс саммитіне қатысты [27].

Сарапшылар соңғы жылдары ислам елдерінің ішінде Доха өзін халықаралық сахнада басты ойыншылар ретінде көрсеткісі келетіндігін айтуда. Әлбетте, бұл жерде Түркия, САК, Иран және МАР секілді елдердің де талпынысын ескеру жөн.

Көшбасшылыққа ұмтылған Қатар инвестиция мен қаржы орталығы ретінде аймақтағы радикалды сунниттік топтарға барынша көмек көрсетіп отыр. Әрине, бұл өз кезегінде көршілес елдердің наразылығын тудыруда.

Жалпы, Қатардың аймақтық ұйымдардағы және мұсылман елдеріндегі рөлін қорыта отырып, аталған ел алдағы уақытта да жоғарыда көрсетілген ұйымдардағы белсенділігін арттыра беретінін болжауға болады. Себебі, Қатар араб және ислам әлемінің алдыңғы қатарлы маңызды елдердің біріне айналуы көздейді. Сондықтан, алдағы уақытта да бұл ел өзінің белсенділігін арттыра беретіні сөзсіз.

## **1.2 Парсы шығанағындағы араб мемлекеттерінің ынтымақтастық кеңесіндегі Қатардың дипломатиялық дағдарысының дамуы**

1971 жылы Ұлыбританиядан тәуелсіздігін жариялаған сәттен бастап Қатардың сыртқы саясатының негізгі бағыттарының бірі Парсы шығанағы аймағындағы интеграциялық процестерге қатысу болды. Сауд Арабиясы дәстүрлі түрде жетекші рөл атқарды. 1981 жылы Парсы шығанағындағы араб мемлекеттерінің ынтымақтастық кеңесі құрылды, оның құрамына САК, Бахрейн, Қатар, Кувейт, БАӘ және Оман кірді. Баяу прогреске қарамастан, ХХІ ғасырдың басында ұйым шеңберінде бірлескен Қарулы Күштерді, ортақ нарықты және монетарлық одақты құру басталды.

Дегенмен, уақыт өте келе Қатардың ПШАМЫК одақтастық қарым-қатынасы өзара бәсекелестік ретінде дами бастайды. Әмір Хамад бен Халифа Әл-Тәни (1995-2013 жж.) кезінде Қатар, САК-тың кіші серіктесінің рөліне аз-кем көңіл бөліп, қомақты қаржыға ие бола отырып, тәуелсіз сыртқы саясатты, негізінен ислам бағытында жүргізу құқығын талап ете бастады. Мұнда Қатар Әмірінің көшбасшылық позициясын атап өтуге болады. Мұсылман бауырлар, ХАМАС және басқа исламистік күштердің қозғалысын қолдау және бірқатар елдерде (Тунис, Ливия, Мысыр, Сирия және т.б.) «Араб көктемі» процестерін жандандыру бойынша тәуелсіз әрекеттер Қатарды аймақтық держава деңгейіне шығарды. Ақырында, Дохадан хабар тарататын "Әл-Жазира" медиа

алпауытының араб әлемі кеңістігіндегі үстемдігі және просаудтық блок жағында Иранмен ашық қарама-қайшылық мәселесіне байланыспау ұстанымы саудтықтармен қарым-қатынасты алшақтатып, аймақтық шиеленіске әкелді. Мәселен, 2014 ж. САК, БАӘ және Бахрейн Қатармен дипломатиялық дағдарыс болды, оны экстремизмді (атап айтқанда мұсылман бауырларды) қолдады және «Әл-Жазираның» диверсиялық әрекеті үшін айыптады. Дағдарыс сол жылдың сәуір айында өз шешімін тапты. Бұл Қатарды исламистерді қолдаудан бас тартуға міндеттеді. Алайда, 2017 жылы САК, БАӘ, Бахрейн және Мысырдан құралған «квартет» Дохамен ресми қарым-қатынастарды қайта тоқтатып бұл ретте Қатарды экономикалық блокадаға жасады. Яғни, әуе, құрлық және теңіз жолдарын толықтай бұғаттап тастады. Қарым-қатынастарды қалыпқа келтіру үшін 13 талаптың орындалуымен байланыстырып, оның ішінде Иранмен байланыстарын үзу, террористік ұйымдарды қаржыландыруды тоқтату және түрік әскери базасын жабу сияқты талаптар қойды.

Шектеулер енгізу барысында кварталтің ультиматумдары Қатарды тығырыққа әкеп соқтыратындай болып көрінген болатын. Алайда, Қатар билігінің алдын-ала қабылдаған үйлесімді қадамдары қауіп-қатерді айналып өтуге жол ашады.

Қатар аймақтағы ірі елдер болып саналатын Түркиямен және Иранмен жақындаса бастайды. Тәуелді өнімдер бойынша қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында альтернативті жолдар іздестірген Доха, өз қажеттіліктерінің басым бөлігін Түркиядан, Ираннан, Үндістаннан және т.б. елдерден импорттай бастайды. Олармен саяси-экономикалық, дипломатиялық және әскери ынтымақтастығын нығайтады.

Мысалға, блокада басталғанға дейін Қатар 60% шамасында дәрі-дәрмекті Сауд Арабиясы мен Әмірліктерден, 80% дейін сүт өнімдерін Сауд Арабиясынан импорттаған болатын. Осыған байланысты жедел түрде сүт өнімдерін өндіретін «Баланда» компаниясының ірге тасын құрып, 5 айдың ішінде елдегі сұраныстың 60 пайызына дейін қамтамасыз етіп, кейінірек толықтай, одан соң, тіптен көрші елдерге экспорттай бастады [28].

Осылайша, өлшеммен жасалған іс-әрекеттердің арқасында Қатар Мемлекетінің Әмірі шейх Тәмим бен Хамад Әл-Тәнидің билігі халық қолдауына бөленіп, өзге араб елдерімен де қатынастарын жақсартуға мүмкіндік береді.

Мемлекет қауіпсіздігінің тағы бір сын-қатері өңірде қалыптасқан геосаяси текетірес жағдайы болып табылады. «Араб көктемінің» басталуымен шиеленіскен Сауд Арабиясы мен Иранның қақтығысы Парсы шығанағының барлық шағын мемлекеттерінің әл-ауқатына қауіп төндіреді.

Осы ретте Қатар өз есебінен «Әл-Удейд» американдық әскери базасын кеңейту үдерісін бастайды. Сонымен қатар, 2019 жылдың соңында Қатар аумағында екінші Түрік әскери базасының ашылып, түрік сарбаздарына ерекше құқықтар беріледі [29].

2019 жылы бастапқыда Қатарға қарсы біртұтас майдан болып табылмаған ПШАМЫК ішіндегі жағдайда Оман бейтарап позицияға ие болды, ал Кувейт бірден медиатор ролін қабылдайды. Бұл ретте жағдай Қатардың пайдасына тез

өзгере бастады. БАӘ әскери контингентін тек әскери және экономикалық мүдделерді басшылыққа ала отырып Йеменнен шығаруға шешім қабылдайды. Сонымен қатар, Әбу Даби Анкара мен Тегеранмен байланысын едәуір нығайтады, тіпті БАӘ мен Иран арасындағы Парсы шығанағындағы ықпал ету салаларын бөлу туралы келіссөздерді бастайды. Бұл Сауд Арабиясы мен Әмірліктер арасындағы қатынастардың нашарлауына ықпал етеді. Бұл Қатардың дипломатиялық ойынында «бөлу және жеңу» қағидаты бойынша жаңа мүмкіндіктерді туғызады.

Йемендегі «антихуситтік» коалицияның әлсіреуі Қатардың Сахел елдерімен экономикалық және әскери-техникалық ынтымақтастықты дамытудағы маңызды жетістіктерімен толықтырылады.

Әлемдік пандемияға айналған коронавирустың жаппай таралуына байланысты көмірсутектерге сұраныстың күрт төмендеуіне және Дж. Байденнің билікке келуіне орай Сауд Арабиясы мен АҚШ арасындағы қатынастардың салқындауына байланысты 2020 жылдың наурыз-сәуір айларында Доха ПШАМЫК аясында Эр-Риядқа қарсы үстемдікке ие болады. Қатар мен Сауд Арабиясы арасындағы қарама-қайшылық төңірегіндегі саяси және экономикалық оқиғалардың қазіргі парадигмасын талдау аймақтағы негізгі үрдістерді түсіну үшін маңызды және тек ғылыми зерттеулер үшін ғана емес, сонымен қатар тиісті дипломатиялық және әскери бөлімдердің қызметкерлері үшін де маңызды.

2020 жылдың басында қалыптасқан жағдайды талдай отырып, Сауд Арабиясы біртіндеп ПШАМЫК-та, Таяу Шығыс, Солтүстік Африка, Сахел аймағында да өзінің жетекші позициясын әлсіретті деп қорытынды жасауға болады [30].

Осылайша, ПШАМЫК ішінде Қатар өзінің көптеген өңірлік жобаларын қаржыландыруды қысқартуға немесе тоқтатуға мәжбүр болатын Сауд Арабиясын ығыстыра отырып, донорлық көмек көрсету бойынша жетекші орынға ие болуға барлық мүмкіндіктерге ие болады.

Бұл ретте соңғы жылдары Қатар Мемлекеті өзінің табиғи байлығы арқылы қол жеткізген экономикалық әлеуеті арқасында араб және мұсылман елдеріне көрсетіп жүрген қайырымдылық көмегі арқылы ерекшеленеді. Бүгінгі күні Қатар - әлемдегі ең ірі донорлардың ішінде тұрған мемлекет [31].

Қатар өзінің халықаралық мәртебесін нығайтумен бірге, Сирия дағдарысы, Таяу Шығыс мәселесі (Палестина) мен Йемендегі, Судандағы, Ирактағы жағдайларды реттеуге қатысты белсенді іс-шаралар атқаруда, оның ішінде көлемді көмек көрсетуді атап айтқан жөн. Мысалы, соңғы үш жылда Қатар Палестина халқына 1,5 млрд. долларға жуық қаржылай көмек жасады [32]. Сондай-ақ, 2019 жылдың қазан айында Газадағы 100 мың халыққа жалпы сомасы 10 млн АҚШ доллары құрайтын қаржы бөлсе, 2020 жылдың наурыз, мамыр, тамыз және қараша айларында қосымша 40 млн АҚШ доллар жолдады және Газада екі аурухана салып берді. 2021 жылы наурыз айының соңында тағы да 10 млн АҚШ доллары Газа тұрғындарына таратты.

Сондай-ақ, 2021 ж. 6 мамырдан бастап орын алған Израиль мен Палестина арасындағы қақтығыстың шиеленісуі жағдайында Қатар билігі Таяу Шығыс пен араб мемлекеттерінің арасында белсенділік танытып, Палестина халқына саяси және гуманитарлық көмек көрсетуде. «Qatar Charity» қоры 5 миллион АҚШ доллары көлемінде қаржы бөлгендігін жариялады. Аталмыш бастамаға қолдау ретінде Қатардың «Қызыл жарты ай» қайырымдылық қоры 1 миллион АҚШ доллары көлемінде қаржы бөлді.

Бұған қоса, ҚМ Әмірі шейх Тәмим Түркия Президенті Реджеп Тайып Эрдоған, Мысыр Араб Республикасының Президенті А.Әс-Сиси, Палестина Мемлекетінің Президенті Махмұд Аббас, САК Тақ мұрагері – Премьер-Министрдің орынбасары және Қорғаныс министрі Мұхаммед бен Салман Әл Сауд Сомали Федеративті Республикасының Президенті Мохамед Абдуллахи Фармажомен телефон арқылы сөйлесті. Сұхбат барысында тараптар Израиль күштерінің әл-Акса мешітіндегі құлшылық етушілерге және қорғансыз иерусалимдіктерге жасаған шабуылдарын талқылап, оны халықаралық құқықты өрескел бұзу деп бағалап қатаң айыптады.

ҚМ Әмірі шейх Тәмим бен Хамад Әл-Тәни «Палестина мәселесінде Қатардың ұстанымы тұрақты. Халықаралық заңдар мен арабтардың бейбітшілік бастамасына сәйкес, біз астанасы Шығыс Иерусалим болған тәуелсіз Мемлекет құру үшін бауырлас Палестина халқына қолдау көрсете береміз» деді.

Халықаралық сарапшылар Доханың палестиналықтарды қорғау және оларға тәуелсіз мемлекет құруға көмектесу аясында «сөзден іс-әрекетке» көшкен алғашқы араб елі деп Қатардың жәрдемін жоғары бағалауда. Бұны Палестина Президенті Махмұд Аббас ҚМ Әмірі шейх Тәмиммен телефон арқылы сөйлесу барысында да қуаттады.

Жалпы, Қатар басшылығы үшін аймақтық мәселелер, әсіресе Таяу Шығыс проблемасын реттеу басты назарда. Доха Палестина Мемлекетін құруға қолдау көрсету мен Палестина халқының заңды құқықтарын қорғауда нақты және қарқынды шараларды қабылдауға әлемдік қоғамдастықты ұдайы шақырады. Бұл туралы Қатар басшылығының барлық ірі халықаралық басқосулардағы сөздерінде айтылып жүр.

Бұдан алдын, Қатар Иракқа қайырымдылық қорлары арқылы 50 млн. АҚШ доллары көлемінде қаржылай және материалдық көмек көрсеткен болатын. Ал, 2020 жылдың қаңтар айында Қатардың Әмірі шейх Тәмим бен Хамад Әл-Тәни Ирак Президенті Бархам Салехпен сұхбат барысында Ирактың инфрақұрылымын қалпына келтіруге 1 млрд. АҚШ доллар бөлуге келісті.

2019 жылы 16 қаңтарда ҚМ Әмірі қысқы мерзімде суықтан зардап шегіп жатқан сириялықтар мен көршілес Түркия, Иордания және Ирак аумағына көшкен сириялық босқындарға көмек ретінде 50 млн. АҚШ долларын бөлді. Аталған қаражатқа жылы киімдер мен жылыту жабдықтары жеткізілді. Аймақтық және халықаралық сахналарда Сирия дағдарысына аса көңіл бөліп отырған Қатар аталған елде шиеленіс басталған мерзімнен бүгінге дейін бұл елге 2 млрд.-қа жуық АҚШ доллары көлемінде қаржылай көмек жасап, 50 мың

сириялық азаматқа пана беріп отыр. 2020 жылдың маусым айының соңында Доха Сирия халқына қосымша 100 млн АҚШ доллар бөлді.

Ү.ж. 30 наурызда ҚМ Премьер-Министрінің орынбасары, Сыртқы істер министрі шейх Мұхаммед бен Әбдірахман Әл-Тәни Сирияны қолдау жөніндегі Брюссель конференциясына қатысып, Сирияның гуманитарлық апатының зардаптарын жеңілдету үшін тағы да 100 млн АҚШ доллары көлемінде қаржы жолдайтынын жариялады.

2020 жылы Қатар Мемлекетінің Әмірі Ливан халқын қолдауға арналған халықаралық бейнеконференцияға қатысып, 50 млн АҚШ доллары көлемінде қаражат бөлетіндігін айтты.

Сондай-ақ, Қатар Әмірі шейх Тәмим Қатардағы иорданиялық азаматтарға 10 мың жұмыс орнын беретіндігін және Иордания әскери зейнетақы қорына 30 млн АҚШ доллары көлемінде қаржы бөлді [31].

Жалпы, Қатар Мемлекетінің қайырымдылық қорлары аймақтағы және әлемдегі, әсіресе Африка құрлығындағы қалыптасып отырған гуманитарлық жағдайларды тыңғылықты бақылап отырады. Соңғы жылдарда Қатар даму қоры барлық континенттердің шамамен 59 еліне көмек ретінде, білім беру және денсаулық сақтау жобаларына жыл сайын 600 млн АҚШ доллар бөлген. Сондай-ақ, «Qatar Charity» қоры 50 елдегі 10 млн жуық адамның пайдасына жобаларды іске асыруға 500 млн АҚШ доллар жұмсаған.

Сонымен бірге, Қатар Әмірі Таяу Шығыс пен Африкада әйелдер мен балалардың экономикалық мүмкіндіктеріне қатысты «Silatech» ұйымы бүгінгі күнге дейін 1,6 млн жуық балалар мен әйелдерге көмек көрсеткенін айтқан болатын. 2022 жылға қарай 5,8 млн балалар мен әйелдерді қолдауды көздеп отыр.

Соңғы уақытта Қатар Мемлекеті Африкадағы әл-ауқаты төмен елдерге жүйелі түрде қайырымдылық және қаржылай көмек беріп келеді. Олардың қатарында Сомали, Судан, Гамбия, Уганда, Мали, Буркина-Фасо секілді елдер бар [33].

### **1.3 Қатардың Парсы шығанағындағы араб мемлекеттерімен ынтымақтастық кеңесіне мүше елдер арасындағы қарым-қатынастардың жылуы және өңірдің болашағы**

Сауд Арабиясының Әл-Ула қаласында өткен ПШАМЫК саммитінде бүкіл Таяу Шығыс үшін маңызды оқиға болды. Сауд Арабиясы мен оның араб одақтастары Қатардан блокаданы алып тастады. Сауд Арабиясының Тақ мұрагері Мұхаммед бен Салманның бастамасымен «квартет» - бір жағынан, Сауд Арабиясы, БАӘ, Бахрейн, Мысыр Қатармен үш жылдық дипломатиялық дағдарысты тоқтату туралы шешім қабылдады. 2021 жылғы 5 қаңтарда бауырлас елдер арасындағы туыстық қарым-қатынастар маңызды ішкі және жоғарыда атап өтілген сыртқы факторлардың болуына байланысты Сауд Арабиясы Корольдігінің Әл-Ула қаласында «Әл-Ула» бітімгерлік келісіміне қол қойылды. Атап айтқанда, толыққанды дипломатиялық қарым-қатынастарды және елдер арасындағы әуе қатынасын қалпына келтіру, сондай-ақ Қатарға қарсы сауда-экономикалық блокаданы жою туралы шешім қабылданады.



Өз билігінің соңында Дональд Трамп сыртқы саясатта үлкен жеңіске жетті. Оның делдалдық күш-жігерінің арқасында АҚШ үшін жақсы қарым-қатынас өте маңызды елдер арасындағы үш жылдық қақтығыс аяқталды. Қатар Әмірі Тамим бен Хамад Әл Тани және САК Тақ мұрагері Мұхаммед бен Салман қарым-қатынасты қалыпқа келтіруге келісті [34].

Дипломатиялық дағдарысты тоқтату туралы келісімді ПШАМЫК саммитінің барлық қатысушылары мақұлдады. Қатар Әмірі шейх Тамим бен Хамад Әл Тани үш жыл ішінде алғаш рет Парсы шығанағы монархияларының өзіндік клубы - ұйымның саммитіне қатысты. Ұшақ баспалдағында оны Тақ мұрагері жеке қарсы алды. Бұрынғы қарсыластар құшақтап, өз сөзінде өткен келіспеушіліктерді ұмытуға шақырды.

Аталған келісімге қол қойылғаннан бері араб елдері арасында жоғары деңгейдегі өзара сапарлар жанданып, әуе қатынастар ашылды, экономикалық ынтымақтастықты қалпына келтіру бойынша әрекеттер жүргізіліп жатыр. Ресми сапары барысында тараптар әртүрлі салалардағы екіжақты ынтымақтастықты кеңейту жолдарын, сондай-ақ аймақтағы және әлемдегі жағдайды талқылады.

2021 жылдың маусым айының ортасында Мысырдың Сыртқы істер министрі Самех Шукри Дохаға жұмыс сапарымен барды. Бұл блокададан кейін Мысырдың жоғарғы тұлғасының Дохаға алғашқы сапары болды. 2021 жылғы тамызда Бағдадта Қатар Мемлекетінің Әмірі шейх Тәммим бен Хамад Әл-Танидің Ирак-Француз бастамасы бойынша Таяу Шығыстағы шиеленісті бәсеңдету жөніндегі өңірлік саммиттің Мысыр мен Әмірліктердің жоғары басшыларымен екіжақты блокадалық келіссөздерден кейін бірінші болып өткізілуі маңызды оқиға болды [35].

2021 жылғы тамыз айында Бағдад қаласында ирактық-француз бастамасымен Таяу Шығыстағы шиеленісті деэскалациялау бойынша аймақтық саммит барысында Қатар Мемлекетінің Әмірі шейх Тәммим бен Хамад Әл-Танидің Мысыр және Әмірліктердің жоғары басшыларымен блокададан кейінгі алғашқы екіжақты келіссөздер өткізуі елеулі оқиға болды.

2021 жылдың қаңтардағы Әл-Ула Саммитінен және татуласу туралы шешім қабылданғаннан кейін көршілес елдермен қатынастардың қалыпқа келуі Қатар мен ПШАМЫК елдері арасындағы сауданың өсуіне әкелді. Сауда көлемі 2021 жылдың үшінші тоқсанының соңында, бірінші тоқсанның аяғымен салыстырғанда 160 пайызға өсті.

Қатар мен ПШАМЫК елдері арасындағы сауда көлемі 2021 жылдың бірінші тоқсанында 3,39 млрд Қатар риалын құрады, бұл көрсеткіш 2021 жылдың үшінші тоқсанында 8,79 млрд-қа дейін өсті.

Елдер арасындағы сауда динамикасының қарқынды артқаны соншалықты, алғашқы үш тоқсандағы сауда көлемі бүкіл 2020 жылғы сауданың жалпы көлемінен асып түседі. Қатар мен Парсы шығанағы елдері арасындағы сауданың жалпы көлемі 2020 жылы шамамен 13,1 миллиард қатарлық риалды құрады, ал 2021 жылдың алғашқы үш тоқсанында бұл көрсеткіш 19,1 миллиардқа жетті.

2021 жылы Қатар мен Парсы шығанағы елдері арасындағы сауда көлемі өсті. Қатар мен Парсы шығанағы елдері арасындағы сауда көлемі 2021 жылдың

бірінші тоқсанында 3,39 миллиард қатарлық риалды құраса, екінші тоқсанында 6,95 миллиардқа дейін өсті.

Қатар мен Парсы шығанағы елдері арасындағы сауда көлемі әлі де өсуі мүмкін. 2021 жылғы сауда көлемі екіжақты сауданың толық әлеуетін көрсетпейді, өйткені COVID-19 пандемиясы Парсы шығанағы елдеріндегі экономикалық белсенділікті бәсеңдетті. Бұдан басқа, ПШАМЫК елдерінің экономикасы жедел қарқынмен жақсарып келеді, бұл Қатар мен ПШАМЫК елдері арасындағы саудаға қосымша серпін береді.

2021 жылдың үшінші тоқсанында Қатардан ПШАМЫК елдеріне жасалған экспорт көлемі шамамен 7,9 млрд Қатар риалын құрады, ал импорттың жалпы көлемі 846 миллионды көрсетті.

2021 жылдың екінші тоқсанында экспорттың жалпы көлемі 6,1 млрд Қатар риалына теңесті, ал импорт көлемі 807 млн қатар риалына жетті. 2021 жылдың бірінші тоқсанында Қатардан Парсы шығанағы елдеріне жасалған экспорттың жалпы көлемі 2,6 миллиард Қатар риалын құраса, импорттың жалпы көлемі 769 миллион Қатар риалын құрады [36].

### **1-бөлім бойынша тұжырым**

Қорытындылай келгенде, Қатар блокадасы тоқтағаннан бір жылдан астам уақыт өткен соң, Доха өзін дипломатиялық держава ретінде көрсетті. Алайда ПШАМЫК-тағы көршілерімен жақындасқанына қарамастан, шиеленісті қарым-қатынас жасырулы түрде жалғасып келеді.

БАӘ мен САК енгізген Қатар блокадасын аяқтаған тарихи Әл-Ула саммитінен кейін Доханың өзіне сенімділігі артты. Араб түбегінде үш жарым жылға созылған оқшаулаудан аман өтіп, Қатар бүгінде бұрынғыдай қысым көрмейді.

Қатар азаматтары мен шетелдік тұрғындар 2017-2021 жылдары Парсы шығанағы елдері арасындағы араздық кезінде табандылық танытты, бұл ұлттық мақтаныш сезімі мен ел ішілік бірлікті дағдарысқа дейінгі деңгейден де арттырды.

Әл-Ула саммиті әр дохалық тұрғын үшін қуанышты оқиға болды. Блокада енгізілгенге дейін Сауд Арабиясына, Біріккен Араб Әмірліктеріне және Бахрейнге отбасы мен достарына жиі баратын Қатар тұрғындары дағдарыс кезінде жақындарымен Кувейтте, Оманда немесе басқа жерде кездесуге мәжбүр болды.

ПШАМЫК дағдарысы Қатардың егемендігіне қауіп төндірместен аяқталды, бұл үлкен саяси жеңісті білдіреді. Бұл жағдай САК пен БАӘ қысымына қарсы тұру түптеп келгенде Қатардың мүдделеріне қызмет ететіні туралы Доха тұжырымдамасының дұрыс екенін растады.

Әл-Ула саммитінен кейін Қатар дағдарыстың шешілуін асыға күтті. Енді Парсы шығанағындағы араздыққа алаңдамай, Доха әлемнің басқа бөліктеріндегі басқа дағдарыстарды шешуге дипломатиялық күш-жігерін жұмсауға көбірек көңіл бөлуде. Қатар Мемлекетінің Әмірі шейх Тәммим бен Хамад Әл Тәнидің

Америка Құрама Штаттарына жасаған жұмыс сапары барысындағы күнтізбінде талқыланған мәселелер оның айғақ дәлелі.

Қатардың саяси қарсыластары арасындағы қиын келіссөздерді алға жылжыта білу қабілеті оның мықты дипломатиялық серіктес екендігін дәлелдеді. Ол Батыс үкіметтеріне постамерикандық Ауғанстандағы сыртқы саяси мүдделерін қорғауға көмектесетін ПШАМЫК басты мемлекетіне айналды. Бұл АҚШ пен кейбір Еуропа елдері елшілерінің Қабылдан Дохаға көшуінен және Қатардың былтырғы жылғы эвакуациялау кезінде көмек көрсетуінен білінеді.

Чад мемлекетінің әртүрлі партиялары Дохада Африка елінде бейбітшілік пен тұрақтылықты орнатуға бағытталған келіссөздерді бастады. Ресей-Украина соғысы басталғаннан бері, Қатар басшылығы Мәскеу мен Киев арасында өзіндік байланыстырушы рөл атқаруы ықтимал. Доха сонымен бірге Иран мен АҚШ-ты Бірлескен жан-жақты іс-қимыл жоспарын (JCPOA) қалпына келтіру сәтіне жақындату үшін жұмыс істеп келеді.

Қатардың сыртқы саясатының осы аспектілері Доханы Вашингтон үшін тиімді етті, Байден әкімшілігінің қаңтар айында елді НАТО-ға кірмейтін басты одақтас етіп тағайындау туралы шешіміне айтарлықтай әсер етті.

Парсы шығанағы мен Таяу Шығыста осы уақытқа дейін бір-біріне агрессивті түрде қарсы тұрған көптеген аймақтық державалардың қарым-қатынастары жақсарды. Әл-Ула саммиті көршілес мемлекеттердің идеологиялық және идеялық айырмашылықтарынан гөрі инвестициялық байланыстар мен экономикалық ынтымақтастыққа көбірек көңіл бөлгісі келетіні айқындалды. Қатар САК пен БАӘ-ге 2021 және 2022 жылдардағы сыртқы саяси шешімдерін қабылдауда көрініс тапқан жаңа прагматизм сезімінен айқын пайда көрді.

Қатарға қарсы бірлесіп әрекет еткен үш ПШАМЫК мемлекеттерінің ішінде татуласу процестері бірдей қарқынмен жүрмеді. Қатарлықтар мен саудтықтардың Әл-Ула саммитінен нәтиже шығару және екіжақты қарым-қатынастың сау және жылы болуына жол табу үшін маңызды қадамдар жасауы нәтижесінде, Доха мен Эр-Рияд арасындағы жақындасу үдерісі жылдам қарқынмен өтті.

Әл-Ула Саммитінен кейін БАӘ Қатармен татуласуға асықпады. Алайда, БАӘ Ұлттық қауіпсіздік жөніндегі кеңесшісі шейх Тахнун бен Заид Әл Нахайяның 2021 жылдың тамызындағы Дохаға сапарынан бастап, Әмірліктер мен Қатар қарым-қатынасы, Доха мен Эр-Рияд арасындағыдай жақын болмаса да, біршама жақсарды. Бахрейн Әл-Ула саммитінің ең әлсіз буыны ретінде ерекшеленеді, өйткені 2021 жылдың басынан бастап Доха мен Манама арасында ешқандай қарым-қатынасты түзету әрекеті жасалған жоқ.

Мұндай айырмашылықтар 2017-2021 жылдардағы дағдарыс кезінде де блокадалаушы мемлекеттердің Дохаға қарсы іс-әрекеттің негізгі себептері және Қатар тарапынан төнетін қауіп тұрғысынан әрдайым бірдей пікірде болмағанын көрсетеді.

Парсы шығанағындағы қарым-қатынастардың жылынғанына қарамастан, өзара сенімсіздік басымдығы байқалады. Бұл Доханың блокадалаушы державалар туралы пікіріне әсер етуін жалғастыруда. ПШАМЫК-тағы алғашқы

екі дағдарыс шешілгенімен, болашақта үшінші дағдарыс болмайды деп ешкім нақты сеніммен айта алмайды.

Осы шиеленістің негізінде жатқан идеологиялық келіспеушіліктердің шешілмегенін ескере отырып, Парсы шығанағындағы кейбір араб мемлекеттері Қатарды өз саясатын өзгертуге мәжбүрлеуге тағы бір рет тырысуы мүмкін екендігін жоққа шығаруға болмайды.

Бірақ 2022 жылдың басында АҚШ-тың Қатарды НАТО-ға кірмейтін басты одақтасы ретінде жариялағанын ескере отырып, Доха, 2017 жылғы маусымдағы жағдаймен салыстырғанда, ПШАМЫК-тағы үшінші дағдарысты еш қорқынышсыз қарсы ала алады.

Мұндай болашақ сценарийге сәйкес, Вашингтонның Дохаға қолдауы бес жыл бұрынғыға қарағанда анағұрлым институционалды болады. Американың Қатарды блокадаға, қаржылық соғысқа немесе тіпті әскери қимылға ұшыратқысы келетін кез келген басқа араб мемлекеттерінен қорғауына қатысты сенімсіздік азаяр еді.

АҚШ-тың болашақ әкімшіліктері Парсы шығанағында мұндай дағдарыстың қайталанбауын қалайтын болады. Вашингтонда блокада АҚШ-тың Таяу Шығыстағы мүдделеріне нұқсан келтірді деген екіжақты консенсус бар. Сондықтан АҚШ басшылығы осындай шиеленісті қадағалап, Парсы шығанағындағы араб мемлекеттеріне олардың келіспеушіліктерін аймақтағы ұзақ мерзімді бейбітшілік, тұрақтылық пен өркендеу болашағына нұқсан келтірмейтіндей етіп шешуге көмектесуге тырысады.

2017 жылғы блокада елдегі көптеген қатарлықтар мен эмигранттар үшін күйзеліске толы болды, тіпті кейбір жағынан психологиялық зиян келтірді және ел еңсеруге тура келген үлкен қиындықтарды тудырды.

Дохада ешкім дағдарыстың ауқымын ұмытпады. Дағдарыс кезінде Қатардың кейбір көршілес елдері Вашингтонды оған қарсы шығуына көндіруге тырысып, көптеген араб-ислам елдеріне Қатарға қарсы науқанға қосылуға әрекет етті.

Қатар үкіметі тарихында жаңа паракты ашып, 2017-2021 жж. дағдарыс аяқталды деп санауға тырысқанымен, Қатар халқының әлі де наразылықтары бар және оны жоюға бірнеше жылдар қажет.

Сайып келгенде, Эр-Рияд пен Әбу-Даби ойларын толықтай өзгертіп, Қатармен татуласты, бұл ПШАМЫК пен оның мүшелерінің ортақ мүдделеріне қызмет етті. Әл-Ула саммиті Парсы шығанағындағы араб мемлекеттерінің отбасылық қарым-қатынастарына блокададан келтірілген залалы оңай немесе тез қалпына келтіре алады деп сенуге ешқашан негіз болған емес.

Жалпы, соңғы екі жылда Қатар Мемлекеті әлемнің ірі ойыншылары АҚШ, Түркия, Иран, Франция және Парсы шығанағы аймағындағы мемлекеттермен саяси бағыттағы белсенділігін ерекше атап өткен жөн. Қатар Әмірінің АҚШ-ға жасаған сапары Қатардың АҚШ-тың Таяу Шығыстағы сыртқы саясатының негізгі локомотивіне айналып келе жатыр деп пайымдауға болады.

Одан бөлек, Қатардың Африкадағы және басқа өңірлердегі да дамушы мемлекеттерге қаржылай және гуманитарлық көмек беру арқылы өз беделін нығайтуға барынша тырысып жатқандығы байқалуда.

## **2 ҚАТАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАНМЕН ЖӘНЕ ОА ЕЛДЕРІМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АРЕНАДАҒЫ ОРНЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ**

### **2.1 Қатардың Қазақстанмен және Орталық Азиядағы елдермен қарым-қатынастар деңгейі**

1993 жылғы 1 шілдеде Қазақстан Республикасы мен Қатар Мемлекеті арасында дипломатиялық қатынастар орнату туралы бірлескен коммюникеге қол қойылды [37].

Екі ел арасындағы ынтымақтастықты орнатудың алғашқы қадамдары 1997 ж. 26-27 мамырда ҚР Сыртқы істер министрі Қ.К. Тоқаевтың ҚМ-не ресми сапары барысында қалыптаса бастады.

Қазақстан Дохада өз елшілігін 2007 жылғы мамырда, ал Қатар Астанада өз елшілігін 2014 жылғы қарашада ашты.

ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев Қатарда ресми және жұмыс сапарларымен 1998, 2007, 2011, 2015 жылдары болса, Қатардың бұрынғы Әмірі Хамад бен Халифа Әл-Тани ресми және жұмыс сапарларымен 1999, 2008, 2011 болды, ал 2014 жылы ҚМ жаңадан тағайындалған Әмірі шейх Тамим бен Хамад Әл-Танидің алғашқы ресми сапары өтті.

2019 жылғы 15 Маусымда Душанбеде өткен АӨСШК саммиті аясында ҚР Президенті Қ.К.Тоқаев ҚМ Әмірі шейх Тамим бен Хамад Әл-Танимен кездесті.

Аталған кездесулер барысында екі ел арасындағы қарым-қатынастары жаңа деңгейге шығарып, барлық салалар бойынша кең ауқымды өзара ынтымақтастық мәселелерін қамтиды. Сонымен қатар, Қатар Қазақстанның барлық халықаралық бастамаларына әрдайым қолдау көрсетіп отырады.

Қазақстан-Қатар арасындағы парламентаралық ынтымақтастық жоғары деңгейде. Қос елдің парламент төрағалары өзара сапарлармен болып, заң шығарушы органдар арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүдделіліктерін танытты.

Доха мен Нұр-Сұлтан мұнай, газ және тау-кен секторларында, сондай-ақ ауыл шаруашылығы, банк ісі мен қаржы, спорт, білім және мәдениет салаларында ынтымақтастық орнатты. Шейх Тамимнің құрметіне қатарлықтардың қаржыландыруымен елордада орта мектеп салынды. Сондай-ақ, ядролық сынақтардың құрбандарына арналған оңалту орталығын салу, сондай-ақ Жамбыл облысында орналасқан Андасай қорықшасында табиғатты қорғау қызметі үшін Қатарлық инвестицияларды тартылды. Екі ел арасындағы сауда айналымы 2021 жылғы қаңтар-қазан айларында 6,31 млн. долларды құраған. Оның басым бөлігі экспорттан тұрады (5,89 млн.).

2021 жылғы қараша айынан бері «Qatar Airways» әуекомпаниясының Доха – Алматы бағыты бойынша тікелей рейсі іске қосылды. Туристер екі тарапқа да 30 күнге дейін визалық талаптарсыз болуға құқылы [23].

Сонымен қатар, Қатардың бірқатар Орталық Азия мемлекетімен өзара қатынастарын салыстырмалы түрде қарастыруды жөн көрдік.

Соңғы онжылдықта Қатардың Орталық Азия мемлекеттерімен ынтымақтастығы айтарлықтай өсті. Доха Тәжікстан, Түрікменстан, Қырғызстан және Өзбекстан сияқты елдерде өзінің саяси және экономикалық мүдделерін белсенді түрде нығайтуда. Бұл елдердің байланыстарын нығайтуға діни бірлік көп жағдайда ықпал етеді деп айтуға болады (олардың барлығы, әрине, мұсылман елдері) және Қатар посткеңестік мемлекеттерді қолдайды, оларға қайырымдылық және гуманитарлық мәселелерге, ислам мәдениетімен байланысты даму мен жобаларға қомақты қаражат бөледі.

### **Тәжікстан**

Ортақ құндылықтар мен ислам мұрасы туралы үйреншікті риторикадан басқа Тәжікстан мен Қатарды байланыстыратын бірнеше маңызды жобалар бар. Солардың бірі – қатарлық Diar компаниясы салған «Диар Душанбе» элиталық тұрғын үй кешені, сондай-ақ бірлескен ірі жобалардың бірі-Душанбедегі аяқталған монументалды мешітін салды. Орталық Азиядағы ең ірі мешіттердің бірі 115 000-ға дейін ғибадат етушілерді қабылдай алады. Жобаның құны 100 млн доллардан жоғары (қаражаттың басым бөлігін Қатар бөлді – 70 млн доллардан астам). Бұл жағдайда ҚМ үшін экономикалық пайда туралы айта алмаймыз, керісінше бұл Доханың бүкіл әлемге исламдық құндылықтардың қаншалықты күшті екенін көрсетуі. Тәжікстан, өз кезегінде, он жылдан астам уақыт бойы осы елдің ең кедей топтарына арналған гуманитарлық жобаларды қаржыландырған Иранмен (2016 жылдан бастап) қарым-қатынасы нашарлағаннан кейін араб мемлекеттерін оның экономикасына инвестиция салуға тартуға тырысады.

2017 жылдың басында Тәжікстан президенті Эмомали Рахмон Қатарға сапармен барып, Әмір шейх Тамиммен келіссөздер жүргізді, оның барысында елдер басшылары қылмыспен күрес және қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімді, спорт саласындағы ынтымақтастық туралы Меморандумды, білім беру, мәдениет және денсаулық сақтау саласындағы ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімді қоса алғанда, 8 құжатқа қол қойды. Банк саласындағы ынтымақтастық туралы Меморандум, әуе қатынасы туралы үкіметаралық келісім, сондай-ақ құқықтық саладағы ынтымақтастық туралы келісім. Осы жоғары деңгейдегі келіссөздер барысында екі елдің өкілдері әуе қатынасын ашу, сондай-ақ туризм саласындағы ынтымақтастық стратегиясын әзірлеу үшін бірлескен жұмыс тобын құру туралы уағдаласты. Сондай-ақ, Эмомали Рахмон Парламент басшысы Мұхаммед бен Мубаракпен кездесті және талқылаудың негізгі мәселелері екі ел парламенттері арасындағы ынтымақтастықты нығайту қажеттілігі, сондай-ақ өңірлік және халықаралық деңгейде ортақ мүдделерді дамыту болды.

2018 жылдың қыркүйегінде Қатардың Экономика және сауда министрі Ахмед бен Джассим бен Мұхаммед Әл Тани экономикалық, сауда және техникалық ынтымақтастық жөніндегі тәжік-Қатар Бірлескен комитетінің 3-ші сессиясы аясында Душанбеде болып, елдер қосарланған салық салуды алып тастау, Қатар-тәжік кәсіпкерлер Кеңесін құру туралы шартқа қол қойды (ол екі ел арасындағы іскерлік қатынастарды нығайтумен айналысатын болады). және

басқа да экономикалық салалардағы ынтымақтастықты дамыту) және Душанбе мен Доха арасында тікелей әуе бағыттарын ашу. Шейх Ахмед бен Джассим бен Мұхаммед Әл Тани елдер арасындағы «берік қатынастардың» болуы екі елге де олардың бір-бірімен өзара іс-қимылын дамытудың сапалы жаңа кезеңіне шығуға мүмкіндік беретінін мәлімдеді [38].

### **Түрікменстан**

2016 жылы Қатар мен Түрікменстанның Сыртқы істер министрлері 2010 жылдың қазан айында Дохада екі тарап қол қойған консультациялар туралы Меморандумды (ХОК) басшылыққа ала отырып, екіжақты ынтымақтастықтың атқарушы бағдарламасына қол қойды. Бағдарламада 2016-2017 жылдарға арналған түрлі іс-шаралар, оның ішінде екі жақты тақырып бойынша консультациялар өткізу (Сыртқы істер министрлері немесе олардың өкілдері деңгейінде), сауда және экономика саласындағы ынтымақтастық және консулдық мәселелер бойынша консультациялар, сондай-ақ екі ел арасындағы өзара мүдделілікті білдіретін бірқатар мәселелер көзделген.

Президент Гурбангулы Бердімұхамедов 2017 жылдың басында Қатарға сапар жасады. Алайда әзірге екі ел арасында қаржы, спорт, көлік, туризм, білім беру, мәдениет және азаматтық авиация саласындағы маңызды емес құжаттарға қол қойды. Түрікменстан Президенті қатарлық инвестициялар үшін өз елінің әлеуетін барынша тартымды етуге тырысады және негізгі назар қаржылық қолдауға мұқтаж бірнеше жобаларды қолдауға аударылды. Атап айтқанда, Дохаға сапары кезінде Г. Бердімұхамедов өзінің жаңа ауқымды көп миллиардтық жобасына — Түркменбашы халықаралық теңіз портын салуға Қатарлық Инвестициялар тартқысы келді. Бұл портты ірі көлік-логистикалық торапқа айналдыру мақсатын қойғанын және оған осы саладағы Қатар тәжірибесі өте маңызды екенін атап өтті.

Қатар мен Түрікменстан Каспийдің түрікмен учаскесінде іске асырылып жатқан жобаларда, сондай-ақ Түрікменстанның мұнай-газ саласы мен мұнай-газ кешенінің инфрақұрылымына арналған жабдықтарды жеткізуде бірлескен ынтымақтастыққа мүдделі. Алайда Қатар Түрікменстан қазіргі уақытта белсенді айналысатын Түрікменстан–Ауғанстан–Пәкістан–Үндістан (ТАПИ) газ құбыры жобасын іске асыруға қатыспады, өйткені Доха бұл жобаны Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азиядағы газ нарықтарындағы қатарлық монополияға қауіп төндіреді деп санайды.

Сондай-ақ, елдер мемлекеттік, банктік және қаржылық құрылымдар мен Доха мен Ашхабадтың ірі компаниялары арасында тікелей байланыстар орнатумен айналысады. Қатар сонымен қатар Түркменстанда өндірілген тоқыма бұйымдарын Дохаға экспорттау бойынша жұмыстарды жолға қоюға мүдделілігін білдірді.

Түрікмен-Қатар қатынастарының тағы бір маңызды бағыты көлік саласындағы ынтымақтастық деп аталды. Өзара тиімді және болашағы зор әріптестіктің негізгі мәселесі теңіз және әуе қатынастарын дамыту болып табылады, осыған байланысты Орталық Азия мен Таяу Шығыс елдері арасындағы экономикалық байланыстарды жандандыруға ықпал ететін



халықаралық көлік-транзиттік дәліздерді құру жоспарлануда. Өзбекстан, Түркіменстан, Иран, Оман және Қатар арасында халықаралық көлік және транзиттік дәліздер құру туралы келісімге қол қоюға зор мән беріледі [39].

### **Қырғызстан**

Қатар мен Қырғызстан достық қарым-қатынасты қолдайды және Доханың қаржылай қолдауымен Бішкекте 30-дан астам мұсылман мешіттері салынды, онда Қатар уағызшылары алғашқы кезеңде жұмыс істеді. Мешіттерде жергілікті халықты ислам негіздеріне үйрететін бейресми діни оқу орталықтары ашылды. Сондай-ақ Қатар мен Қырғызстан арасында бірқатар маңызды уағдаластықтар жасалды, атап айтқанда 2018 жылғы қаңтарда Қырғыз Республикасы мен Доха арасында тікелей әуе қатынасын (Бішкек пен Оша-дан тікелей әуе рейстері) орнату, бұл екі ел арасындағы сауда-экономикалық, инвестициялық, мәдени байланыстарды және өзара туристік алмасуды одан әрі тереңдету үшін үлкен рөл атқарады.

Бішкек пен Доха арасындағы тікелей өзара іс-қимыл процесі іс жүзінде 2010 жылдан басталғанын және негізінен экономикалық сектордағы өзара тиімді ынтымақтастықтың әртүрлі салаларына, мысалы, ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты, тау-кен саласындағы ынтымақтастық (негізінен алтын өндіру саласындағы), халықаралық әуе тасымалы, туризм және білім беру саласындағы ынтымақтастыққа әсер ететінін атап өткен жөн. Осыған байланысты қазіргі уақытта ірі инвестициялық жобаларды іске асыру үшін Қырғыз-Қатар инвестициялық қорын құру бойынша талқылау жалғасуда.

Қырғызстан үкіметі сондай-ақ қырғыз ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттау бойынша "Хасат" Қатарлық бизнес-компаниясымен (бюджеті 1 млрд АҚШ долларынан астам) келіссөздер жүргізуде. Сонымен қатар, Бішкекте Қатарда қызмет көрсету саласында жұмыс істегісі келетін Қырғызстаннан келген мамандарды оқыту және бағдарлау бойынша арнайы орталық ашу нұсқасын қарастыру жоспарлануда.

2018 жылғы наурызда Дохада Қырғыз Республикасының Төтенше жағдайлар министрі генерал-майор Кубатбек Бороновтың Қатардың ішкі істер министрі шейх Абдулла бен Нассер бен Халифа Әл-Танимен екіжақты кездесуі өтті. Осы екіжақты кездесу барысында министр К.Боронов Қырғыз Республикасы мен Қатар Мемлекеті арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі кеңейтудің, атап айтқанда, төтенше жағдайлардың алдын алу және жою, дүлей зілзалалардың салдарын еңсеру және гуманитарлық көмек көрсету саласындағы ынтымақтастықтың маңыздылығын атап өтті. Шейх Абдулла бен Нассер бен Халифа Әл Тани қырғыз-Қатар қатынастарының белсенді сипатын атап өтіп, Қатардың азаматтық қорғау және төтенше жағдайлар саласындағы мәселелерді қоса алғанда, кең ауқымды мәселелер бойынша екіжақты ынтымақтастықты тереңдетуге мүдделілігін атап өтті.

Алайда, сарапшылардың көпшілігі Қатардың Қырғызстандағы негізгі мақсаты Ислам идеологиясын тарату және сол арқылы аймақтағы ықпал ету деңгейін арттыру болып табылады деген пікірмен келіседі. Олардың пайымдауынша, Қырғызстан гидроэнергетика мен көліктен бастап тау — кен

саласына дейінгі ықтимал жобалардың кең ресми жарияланған тізіміне карамастан, қатарлық инвестиция ала алмайды [40].

### **Өзбекстан**

Тарихи тұрғыдан Қатар 1991 жылы 30 желтоқсанда Өзбекстанның тәуелсіздігін мойындаған алғашқы араб мемлекеттерінің бірі болды. Қатармен ынтымақтастық Өзбекстанға араб әлемімен сауда-экономикалық, саяси, көлік, коммуникациялық, мәдени-гуманитарлық салалардағы байланыстарды кеңейтудің жаңа перспективаларын ашады. 2010 жылы Өзбекстан президенті Ислам Каримовтың Қатарға мемлекеттік сапары барысында "Өзбекстан мен Қатар арасындағы екіжақты қатынастарды дамыту туралы келісімді ратификациялау туралы" құжатқа қол қойылды (Доха, 2010 жылғы 24 қараша). Келісімге сәйкес тараптар саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы тең құқықты ынтымақтастықты одан әрі дамытуға дайындығын білдіреді, өзара сенім мен мүдделер негізінде екі жақты әріптестікті айқындайды. Мәдениет, өнер, білім беру, бұқаралық ақпарат құралдары, Спорт және туризм, сондай-ақ іргелі және бейнелеу өнері, ғалымдармен алмасу және т.б. салалардағы екіжақты ынтымақтастықты көтермелеу және кеңейту жоспарланған болатын.

Сондай-ақ, сауда-экономикалық және техникалық ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімдерге, Өзбекстанды Қайта Құру және дамыту қоры мен «Қатар холдинг» инвестициялық компаниясы арасындағы ынтымақтастық жөніндегі өзара түсіністік туралы Меморандумға, «Өзбекнефтегаз» Ұлттық холдинг компаниясы мен "Узхимпром" мемлекеттік акционерлік компаниясы мен «Қатар Петролеум Интернэшнл лимитед» компаниясы арасындағы өзара түсіністік туралы Меморандумға, Өзбекстан мен Қатардың сауда-өнеркәсіп палаталары кәсіпкерлердің бірлескен кеңесін құру туралы келісімдерге қол қойылды. Алайда, қол қойылған келісімдердің көпшілігі қағаз жүзінде қалды және нақты қолданылмады.

Елдер арасындағы келіссөздердің белсенді кезеңі Қатар Сауд Арабиясы мен онымен ынтымақтасқан елдердің бойкот жариялауынан кейін басталды. 2018 жылғы маусымда Дохада Сыртқы істер министрі Абдулазиз Камиллов және Қатар Мемлекетінің Премьер-министрінің орынбасары, Сыртқы істер министрі шейх Мұхаммед бен Абделрахман Әл Тани бастаған Өзбекстан делегациясының кездесуі өтті. Оның барысында саяси, сауда-экономикалық, инвестициялық, туристік, мәдени-гуманитарлық салалардағы екіжақты қарым-қатынастардың жай-күйі мен перспективалары, халықаралық құрылымдар аясындағы тараптардың өзара іс-қимылы талқыланды.

Халықаралық және өңірлік мәселелер бойынша пікір алмасу барысында тараптар Өзбекстан президенті Шавкат Мирзиёевтің Самарқандта халықаралық Имам Бухари зерттеу орталығын, Ислам өркениеті орталығын және Ташкентте Ислам академиясын құру жөніндегі маңызды бастамаларын іске асырудағы ынтымақтастық мәселелеріне ерекше назар аударды. Министрлер сондай-ақ Қатар делегациясы қатысқан Ауғанстандағы жағдайды бейбіт реттеу жөніндегі

халықаралық конференцияда 2018 жылғы 27 наурызда қабылданған Ташкент декларациясының іске асырылу барысын талқылады.

2018 жылғы 16 шілдеде министрліктер мен ведомстволардың жетекші бөлімшелерінің, сондай-ақ экономикалық құрылымдардың басшыларынан тұратын қатар делегациясының Ташкентке жауапты сапары өтті. Қатар өкілдері өзбек басшылығының үшінші елге транзит кезінде 5 күн ішінде азаматтары Өзбекстан аумағында визасыз бола алатын мемлекеттер тізіміне енгізу туралы шешімін қанағаттанушылықпен қабылдады.

Сыртқы сауда Министрінің орынбасары Сахиб Саифназаров Вагва компаниялар тобының төрағасы шейх Мұхаммед Хамад Әл Тани бастаған Қатардың бизнес-топтарының өкілдерімен келіссөздер жүргізді. Тараптар логистика, көлік, тоқыма өнеркәсібі, жеміс-көкөніс өнімдерін өндіру және экспорттау салаларындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықтың мүмкіндіктерін талқылады. Қатар делегациясының өкілдері елдің сауда-экономикалық және инвестициялық салаларындағы даму екіжақты өзара іс-қимылды жақсартуға ықпал ететінін атап өтіп, Өзбекстанмен ынтымақтастықты арттыруға қызығушылық білдірді [41].

Қорытындылай келе, Қатар өзінің саяси байланыстарын барлық мүмкін бағыттарда әртараптандырады және өзін прогрессивті және кооперативті сыртқы саяси күн тәртібі бар аймақтың үлгілі егеменді мемлекеті ретінде көрсетеді. Қазіргі уақытта ҚМ үшін Орталық Азия маңызды бағыт болмаса да, Дохаға пайдалы болған жағдайда болашақ ынтымақтастық үшін есігі ашық. Сондықтан Орталық Азия элиталары өз елдерінің экономикасына қатарлық инвестицияларға деген үміттері әлі де қалуы мүмкін.

## **2.2 ПШАМЫК өкілдерінің ауған билік өкілдерімен кездесуі.**

ПШАМЫК өкілдері Ауғанстанның нақты билік өкілдерімен 2022 жылдың 14 ақпанында Дохада, Қатар мемлекетінде кездесті [42].

ПШАМЫК өкілдері Ауғанстан халқының шұғыл гуманитарлық қажеттіліктерін қанағаттандыру, гуманитарлық көмек көрсету үшін ресурстарды жұмылдыруға жәрдемдесу, экономикалық жағдайларды жақсарту, Ауғанстандағы гуманитарлық іс-шаралар тап болған мәселелерді тиісті түрде шешу және гуманитарлық көмек көрсетуге арналған конвойлардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігін атап өтті.

ПШАМЫК өкілдері Ауғанстанның егемендігін, тәуелсіздігін, бірлігін, аумақтық тұтастығын құрметтеу және оның ішкі істеріне араласпау туралы өзінің берік ұстанымын растады. Олар бұдан әрі Ауғанстан халқының қажеттіліктеріне жауап беретін, қоғамның барлық топтарының мүдделерін ескеретін және бостандық пен негізгі құқықтарды, соның ішінде әйелдердің еңбек пен білім алу құқығын құрметтейтін ұлттық келісім мен консенсустық саяси шешімнің қажеттілігін атап өтті.

ПШАМЫК өкілдері Ауғанстандағы террористік шабуылдарды айыптады, себебі олардың құрбандары бейбіт тұрғындар мен азаматтық құрылымдар

болды. Ауғанстандағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайту үшін, ПШАМЫК-тың Ауғанстанмен ынтымақтастыққа дайындығын атап айтты.

ПШАМЫК өкілдері террористік топтардың Ауғанстан аумағынан басқа елдерге немесе олардың мүдделеріне қарсы шабуыл жасай алатындығына алаңдаушылық білдірді. Олар нақты билік иелеріне Ауғанстан аумағын қандай да бір террористік топ пайдаланбайтынына немесе өңірлік елдерге есірткі экспорттау үшін пайдаланылмайтынына кепілдік беру қажеттілігін айтты. Олар, сондай-ақ, БҰҰ мен ИЫҰ тиісті қарарларын сақтау маңызды екенін хабарлады.

Кездесуге қатысушылар Ауғанстанның қауіпсіздігі мен тұрақтылығын сақтауға жәрдемдесу және бауырлас Ауғанстан халқының гуманитарлық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін өзара іс-қимылды жалғастырудың маңыздылығын атап, Қатар мемлекетіне осы маңызды кездесуді ұйымдастырғаны үшін алғыс білдірді.

### **2.3 ПШАМЫК және Ресей-Украина дағдарысы**

Парсы шығанағы ынтымақтастық кеңесінің алты елі - Бахрейн, Кувейт, Оман, Қатар, Сауд Арабиясы және Біріккен Араб Әмірліктері (БАӘ) Ресейдің Украинаға шабуылына өздерінің мүдделері мен қалауына сәйкес әрекет етуде. Украинадағы қақтығыстардың оларға тікелей қатысты болмаса да немесе аймақтық тұрақтылыққа тікелей қауіп төндірмесе де, олардың мүдделеріне әсер етуі мүмкін көптеген қосалқы салдарлар тиюі мүмкін. Оларға энергия нарығындағы сәтсіздіктер, Ресейге салынған халықаралық санкциялардан туындаған экономикалық күйзелістер және Байден әкімшілігімен саяси қатынастардағы шиеленістер кіреді. Атап айтқанда, Америкамен тарихи берік саяси одақ пен қауіпсіздік саласындағы серіктестік арасындағы тепе-теңдікке және Ресей мен Қытай сияқты мемлекеттермен экономикалық, энергетикалық және инвестициялық байланыстардың тез өсуіне назар аударылды.

Араб шығанағындағы шенеуніктер 2022 жылғы 24 ақпанда Ресей әскерлері Украинаға бастаған «арнайы операция» демекші әрекеттеріне тоқтату үшін дипломатиялық шешімге қолдау білдірді. Бұл олардың қақтығысқа біреудің жағын таңдауға мәжбүр болатындай деңгейде қатысқысы келмейтіндігін көрсетеді. Дегенмен соғыс неғұрлым ұзаққа созылып, Батыспен Ресей арасындағы шиеленіс шекаралары неғұрлым кеңейген сайын, таңдаудан қашқақтау соғұрлым қиын болуы мүмкін. Негізінде Кувейт пен Қатар Украинаға жақынырақ позицияны ұстанса, Сауд Арабиясы мен БАӘ Ресейдің ұстанымына көбірек сәйкес келетін позицияны иемденді, ал Бахрейн мен Оман нейтарлы ұстанымда қалуға тырысты. Кувейт пен Қатар үшін ірі көршілердің басып кіруі немесе қауіп төндіруі таныс жағдай. Сауд Арабиясы мен БАӘ басшыларының Дж. Байденмен түсініспеушіліктері бар, сондай-ақ олар Ресеймен мұнай және қорғаныс саласында мықты байланыстарға ие.

Кувейт РФ президенті Владимир Путиннің Украина басшылығына агрессивті қауіп төндіруі, Саддам Хусейннің 1990 жылы тамызда Ирактың Кувейтке басып кіруін еске түсірген болар. Бұл ретте Кувейт 2022 жылғы 25 ақпанда БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі қарарының бірлескен авторларының

арасында БҰҰ жарғысын құрметтеуді қолдап, Украинаның егемендігін растаған және күш қолданудан бас тартқан жалғыз араб мемлекеті болды.

Қатардың да үлкен көрші мемлекеттерден қысым көру тәжірибесі бар, дегенмен 2017 жылдың маусым айында Сауд Арабиясы мен БАӘ (сондай-ақ, Бахрейн мен Мысыр) енгізген блокада соғыс қимылдарына айналмады.

Шейх Тамим 24 ақпандағы Ресей шапқыншылығынан бірнеше сағат өткен соң Украина президенті Владимир Зеленскиймен сөйлескен алғашқы шетелдік билеушілердің бірі болды.

Ал Қатардың Сыртқы істер министрі Мұхаммед бен Абдулрахман Әл-Тәни украиндықтармен де, ресейлік әріптестерімен де байланыста болды. Президент Зеленскиймен телефон арқылы сөйлескен кезде, шейх Тамим мәселені шешу және одан әрі ушығудың алдын алу үшін диалог пен дипломатияға шақырды, содан кейін 2 және 9 наурызда В. Зеленскиймен тағы сөйлесті. Сыртқы істер министрі Әл-Тәни 14 наурыздағы Мәскеуге сапарын Ресей Сыртқы істер министрі С. Лавровпен Иран ядролық бағдарламасы келіссөздерін талқылау үшін пайдаланды. Себебі Ресей мен АҚШ қарым-қатынастарының нашарлауы Венадағы келісілгендей болып көрінген, ұзаққа созылған келіссөздерге нұқсан келтіруі мүмкін деп алаңдады.

БАӘ және САК тақ мұрагерлері мұнай мен газдың халықаралық бағасының көтерілуіне байланысты президент Байденмен сөйлесуге асықпады. Байден Сауд Арабиясын «қуғындаймыз» деген сайлау алдындағы мәлімдемесін орындамаса да, 9 ақпанда Король Салманмен телефон арқылы сөйлесу барысында АҚШ-тың САК қауіпсіздігіне деген адалдығын растады. Дегенмен, олардың Байден әкімшілігімен қарым-қатынастары жақсармады. САК шенеуніктері американдықтардың мұнай өндіруді ұлғайту жөніндегі қысымына қарсы тұрды және оның орнына өндірісті пандемияға дейінгі деңгейге дейін біртіндеп көтеру туралы 2021 жылдың шілдесінде жасалған ОПЕК+ келісіміне сүйенді. ОПЕК+ құрамында Сауд Арабиясы мен Ресей үстемдік етеді. Мұхаммед бен Салман 27 ақпанда Франция президенті Эммануэль Макронмен телефон арқылы сөйлескеннен кейін, аты-жөнін атамаған «саудиялық жоғары лауазымды шенеунік» The Wall Street Journal басылымына «Сауд Арабиясы қандай да бір әрекет жасап, бұл одаққа қауіп төндіруді қажет деп санамайды» деп хабарлады.

Дж.Байденмен сөйлесуден бас тартуымен қатар, Мұхаммед бен Заид және Мұхаммед бен Салман сәйкесінше 1 және 3 наурызда Владимир Путинмен келіссөздер жүргізді. АҚШ-тың Таяу Шығыстағы аса жоғары деңгейдегі екі серіктесінің іс жүзіндегі басшыларының Байденнен алшақтап, Путинмен қарым-қатынас жасауы Вашингтон тез арада ұмыта қоймас.

БАӘ үшін 2022 жылдың 1 қаңтарында БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіндегі араб өкілі ретінде екі жылдық қызметін бастауымен қиын болып тұр. БАӘ бұл орынды халықаралық жұмсақ күш пен ықпал арқылы алуға көп күш салғанымен, өзге ПШАМЫК-қа мүше елдерге қарағанда ыңғайсыз шешімдерді қабылдауға мәжбүр болатындай қолайсыз позицияға қойды. БАӘ-нің 25 және 27 ақпанда өткен Қауіпсіздік Кеңесінің екі дауыс дауыс беру

үдерісінде қалыс қалуы (басқыншылықты айыптау және БҰҰ Бас Ассамблеясының төтенше сессиясын шақыру) оларды сынға ұшыратты.

Оман мен Бахрейн басшылары қақтығысқа аса араласпады. Дегенмен олардың әрекеттері аймақтық геосаясатқа қатысты тиісті көзқарастарын көрсетті. Өйткені Оман Сұлтаны Хайсам бен Тарық Әл-Саид дипломатиялық шешім табуға шақырса, Бахрейн Королі Хамад бен Иса Әл-Халифа Сауд Арабиясы мен Әмірліктердегі әріптестеріне қосылып, Ресей Президенті Путинмен сөйлесті.

Ресей Украинаға басып кіргеннен кейін, мұнай бағасы тағы көтерілді. 1 наурызда барреліне 100 доллар деңгейінен асып, 7 наурызда барреліне 139 долларға жетті, содан соң 100 доллар ауқымына қайта оралды. Бірақ бұл баға тарихи стандарттар бойынша әлі де өте жоғары. Мұнай мен шикізат бағасының өсуі бүкіл әлемде инфляциялық қысымның артуына ықпал етті және АҚШ 2018 жылдан бері алғаш рет 16 наурызда пайыздық мөлшерлемені көтерді. Парсы шығанағы елдерінің орталық банктерінде де, олардың валюталары долларға тәуелді болуына орай, жағдай осындай деңгейде болды. 2008 жылы мұнай мен шикізат бағасының күрт өсуі Парсы шығанағы елдерінің есінде. Бұл Парсы шығанағы елдері бойынша 11 пайыздық орташа инфляция деңгейіне және азық-түлік бағасының 15 пайызға өсуіне әкелді.

Мұнай, шикізат және азық-түлік бағасының күрт өсуі Украинадағы соғыстың Парсы шығанағы елдерінің экономикасы мен қоғамы үшін соғыс салдары қосалқы түрде әсер етеді. Әрине, соғыс басталғанға дейін мұнай бағасының жоғарылауы мемлекет қазынасын толықтырып, үкіметтерге көптен күткен бюджеттік тепе-теңдік бағдарламаларына қол жеткізуге мүмкіндік беруіне қарамастан азық-түлік пен энергия бағасын жабу үшін субсидия шығындарының артуымен, сондай-ақ инфляциялық қысым барлық алты ПШАМЫК мемлекеттеріндегі миллиондаған жалақысы төмен мигранттарға зиянды әсерімен өтелуі мүмкін.

Алайда, соғыс ұзаққа созылған сайын және стратегиялық бәсекелестік пен ұлы державалардың бәсекелестігі одан әрі жанданған сайын, Парсы шығанағы үкіметтеріне келісу қиынға соғуы мүмкін бірнеше үдеріс бар. Парсы шығанағындағы тәуелсіз әл-ауқат қорларының көбісі, жиі Ресейдегі тікелей инвестициялар қорымен серіктестікте, Ресейге үлкен көлемде қаржыландыру салады. Ресей Батыстың экономикалық санкцияларының нысанасына алынғандықтан және оларға қарсы шаралар қолданғандықтан, бұл қорлардың құны айтарлықтай төмендеді. Мысалы, Қатардың Инвестициялық басқармасына (QIA) тиесілі ресейлік активтердің құнын бағалаудың біріне сәйкес, олардың құны 2022 жылдың алғашқы екі айында 16 миллиард доллардан 9,6 миллиард долларға дейін төмендеді. Бұл кезең негізінен соғыстың өзінен гөрі шиеленісті арттырды.

Парсы шығанағында орналасқан, Ресей қаржыландырумен байланысты көптеген тәуелсіз әл-ауқат қорлары қазірдің өзінде айтарлықтай шығындарға ұшырады.

QIA Ресейдің "Роснефть" интеграцияланған энергетикалық компаниясының шамамен 19 пайызына ие және ВР Ресейдің Украинаға басып кіруінен үш күн өткен соң, "Роснефть" компаниясындағы 19,75 пайыздық үлесінен шығу туралы жариялағаннан кейін, екінші ірі акционерге (50 пайызға иелік ететін Ресей мемлекетінен кейін) айналды. QIA мен Әбу-Дабидегі Mubadala сияқты Парсы шығанағының басқа қорларының ресейлік инвестициялардан бас тартқан ВР және норвегиялық Equinor сияқты компаниялардың ізінен ермеуі энергетика нарығындағы ортақ мүдделердің Парсы шығанағы елдері мен Ресей арасындағы байланыс нүктесі болып қалатынын көрсетеді. Сауд Арабиясы мен БАӘ басшылары америкалық шенеуніктерге Ресеймен бекітілген ОПЕК+ мұнай келісімін құнды көретіндерін анық көрсетті, ал Қатар шенеуніктері Ресей Украинаға басып кірерден екі күн бұрын Дохада саммиті өткізілген Газ экспорттаушы елдер форумы арқылы ресейлік әріптестерімен өзара әрекет етеді [43].

Бәлкім, ең маңызды мәселе бір жағынан Сауд Арабиясы мен Әмірліктер басшыларының арасындағы және екінші жағынан Байден әкімшілігімен арадағы келіспеушіліктердің өсуі болуы мүмкін. Ресей мен Украинаға қатысты позициялар бірнеше жылдар бойы жинақталған шиеленістің екі жаққа да әлдеқайда ашық және басқаруға қиын болғанын көрсетеді. Егер Сауд Арабиясы мен Әмірліктер соңғы жылдардағы сыртқы саясатының бір аспектісі Американың аймақтағы күшінің сақталуына қатысты белгісіздікке жауап ретінде қарым-қатынастарды әртараптандыру болса, олардың стратегиялық бәсекелестіктер әлемінде Америка Құрама Штаттарына қолдау көрсеткісі келмеуі саяси тұрғыдан одан әрі алшақтыққа әкелуі мүмкін. Сондай-ақ, бұл АҚШ-тың Эр-Риядпен және Әбу-Дабимен қорғаныс және қауіпсіздік саласында серіктестігін жалғастыруға нұқсан келтіреді. Әбу-Дабидегі Аль-Дафра әуе базасындағы АҚШ әскерлеріне Йемендегі хуситтік көтерілісшілер зымырандармен оқ жаудырғаннан бері екі ай өтті. Мұхаммед бен Заид шабуылдан кейін CENTCOM командирімен кездесуден бас тартып, оны менсінбегендей болды.

Аймақтағы АҚШ әскери күштер желілері мен орналасу құрылымы жағынан шығанақты постамерикалық деп атауға әлі ерте болуы мүмкін (және АҚШ-тың Азияға бет бұру арқылы шекарасын кеңейтуге тырысуы Әмірліктер мен Сауд Арабиясының алаңдатушылығын тудырды, бұл ретте Азияға бет бұру Парсы шығанағынан емес, Еуропадан жүзеге асырылуы кекесін тудырады). Алайда, Ресейдің Украинаға басып кіруі Американың мүдделері мен оның Парсы шығанағындағы серіктестерінің немесе олардың кейбіреулерінің мүдделері арасындағы геосаяси ауытқу үдерісін тездетуі мүмкін. 2019 жылы сол кездегі президент Дональд Трамптың Иран тарапынан Әмірліктер мен Сауд Арабиясындағы теңіз және энергетика нысандарына жасалған шабуылдарға жауап бермеуді таңдап, олардың мүдделері мен Америка Құрама Штаттарының мүдделері арасына айырма қоюы екі елді есеңгіретті. Бұл шабуылдар екі ел басшыларының саяси және стратегиялық серіктестіктерінің спектрін кеңейтуге деген ұмтылысын күшейтті, соның

ішінде Өмірліктер Израильмен жақындасты және екі ел Ресей (немесе гипотетикалық түрде Қытай) мен Америка Құрама Штаттары арасынан бір тарапты таңдаудан бас тартты.

#### **2.4 Қатар Өмірінің АҚШ-қа жасаған жұмыс сапары және Батыс елдерінің ПШАМЫК елдеріне мұнай-газ саласындағы тәуелділігі.**

2022 жылғы қаңтар айының аяғында Қатар Мемлекетінің Өмірі шейх Тәмим бен Хамад Әл Тәнидің Америка Құрама Штаттарына жұмыс сапармен барып, АҚШ Президенті Дж. Байденмен және өзге де билік өкілдерімен кездесу барысында кең ауқымды мәселелерді талқылады. Нақтырақ айтқанда, Ауғанстандағы ахуал, Иранмен ядролық келіссөздер болашағы, Таяу Шығыс мәселесі және энергетика тұрақтылығын қамтамасыз ету тәрізді аймақтық және халықаралық тақырыптар сөз болды [44].

Дж.Байден келіссөздерді «Қатар сияқты қымбатты дос, сенімді және қабілетті серіктесіміз барына біздер өте қуаныштымыз» деген сөздерімен бастап, «Доханың АҚШ-та үлкен құрметке ие» екендігін жеткізді. Атап өтетін жайт, Қатар Өмірі Дж.Байденмен кездесіп отырған Парсы Шығанағы аумағындағы елдер арасындағы алғашқы көшбасшысы. Жергілікті сарапшылар бұл үдерісті Дж.Байден Әкімшілігінің Қатар Мемлекетіне деген көңілінің ерекше болуымен байланыстыруда.

Ақ үй басшысы Қатар Өміріне екі ел арасындағы серіктестікке жіті мән беретіндігіне алғыс айтып, «Қатарды АҚШ-тың НАТО-ға мүше-мемлекеттерден тыс негізгі одақтас ретінде тағайындау» ниетін жариялады.

Қатар билеушісі өзінің сапарын Доха мен Вашингтон арасындағы стратегиялық қарым-қатынастарды одан әрі нығайтуға және келіссөздердің достас екі халықтың мүдделерін жүзеге асыруға, аймақтағы бейбітшілік пен тұрақтылыққа қол жеткізуге септігін тигізетіндігіне сенім білдірді. Сыртқы саяси ведомство басшылары арасында болған келіссөздер аясында тараптар энергия көздерін тасымалдаудың тұрақтылығын қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше көңіл бөлінгенін айтты.

Екі ел басшыларының сұхбаты барысында Азиядағы күрделі проблеманың бірі - Ауғанстандағы жағдай басты назарда болған. Қатар СІМ басшысы американдық «Axios» жаңалықтар порталына берген сұхбатында Қатар тәлібтермен Қабыл қаласының әуежайынан эвакуациялау рейстерін қайта жаңарту бойынша келісімге келгенін хабарлады. Оған сәйкес, «Qatar Airways» әуекомпаниясы аптасына екі рет рейс жасайды және АҚШ пен басқа мемлекеттердің мыңдаған азаматтарына (ауған азаматтарын қоса алғанда) Ауғанстан аумағынан ұшып кетуге жол ашады.

Қатардың Сыртқы істер министрі шейх М.Әл Тәни Израиль аумағында екі мемлекет құру бойынша нақты шешімнің болмауына байланысты Қатар тарапының «Авраам келісіміне» қосылуының перспективалары жоқ екенін жариялады.

Иран мәселесіне қатысты Қатардың М.Әл Тәни Вашингтон мен Тегеран арасында ашық арналарды пайдалана отырып, Иранның ядролық мәселесі



бойынша келісімге келуге мүдделі екендігін айтты. Сондай-ақ, «Қатар ирандық тарапты аймақ елдеріне қатысты оң бастамаларын ынталандыруға тырысатындығын» қоса жеткізген.

«Al-Sharq al-Awsat» газетінің ақпараты бойынша, Вашингтон Иранның Оңтүстік Корея, Ирак және Жапонияда бұғатталған 10 млрд. АҚШ долл. тең активтерін қайта іске қосу арқылы ирандық түрмелердегі американдық тұтқындарды босата алуы мүмкін. Яғни, осы үдерісте басты делдалық рөл Қатарға тисілі болатындығы анық.

Қатар Әмірінің Вашингтонға сапары барысында «Qatar Airways» әуекомпаниясы мен «Boeing» компаниясы арасында 50-ге дейін жаңа «777-8» лайнерінің жүк ұшағын сатып алу туралы келісімге қол қойылды.

Жалпы Доха Вашингтонмен саяси, сауда-экономикалық қатынастармен қатар, әскери байланыстарын дамытуға үлкен мән беруде. Екі ел халықаралық терроризмге қарсы күрес пен аймақтық мәселелер бойынша ең жақын одақтастар болып табылады.

Бұған қоса Қатардың мұнай-газ секторында «ExxonMobil», «Chevron», «Сopoco Philips» және басқа да әлемге әйгілі алпауыт американдық компаниялар табысты жұмыс істеп келуде. Халықаралық сарапшылар Қатар Әмірі мен АҚШ Президенті арасындағы келіссөздердің негізгі бағыты – энергетикалық қауіпсіздік тақырыбында болғанын айтуда. Яғни, екі басшы Батыс Еуропаға Қатардың табиғи газын жеткізу мүмкіндігін талқылады.

Атап айтқанда, Ресей-Украина арасындағы қақтығыстың ықтимал шиеленісуі нәтижесінде Еуропаға Ресей газының жеткізілімі тоқтатылған жағдайда еуропалық нарықтағы газдың жетіспеушілігін өтей алатын бірден бір ел Қатар бола алады [44].

Осы ретте, Батыс елдерінің мұнай мен газ бойынша қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында ағымдағы жылғы наурыз айында Ұлыбританияның Премьер-министрі Б. Джонсон САК пен БАӘ сапармен барып, осы елдердің тақ мұрагерлерімен келіссөздер өткізді. Атап өтетін жайт, бұған дейін Б. Джонсон 2018 жылы журналист Джамал Хашогжидің САК-тың Ыстамбұлдағы Бас консулдығы ғимаратында өлтірілуі бойынша Тақ мұрагері Мұхаммед бен Салманды айыптап, бұл әрекетті «варварлық акт» деген болатын. Бұған қоса, сауд билігі сапардың алдында 81 адамға қатысты өлім жазасын жүзеге асырған еді. Осылайша, адам құқықтарын әрдайым жоғары сатыға қоятын батыс елдері энергия ресурстарға мұқтаж болу кезінде саудтық ханзаданы мадақтап, оның жүргізіп отырған экономикалық саясатына оң бағасын берді. Ал БАӘ-ге сапары барысында Тақ мұрагері Мұхаммед бен Заид мұнайды жеткізуге ешқандай кепілдіктер бермей, тараптар тек жаһандық энергетика нарығындағы тұрақтылықты қамтамасыз етудің маңызды екендігін атап өткен [45].

Дж. Байден сайлау алды науқаны барысында САК Тақ мұрагері Мұхаммед бен Салманды саудтық журналист Дж. Хашогжидің өліміне қатысты, Йемендегі гуманитарлық кризиске алып келді және адам құқықтарын жүйелі түрде бұзады деген айыптаулар жасады. Сондай-ақ, билікке келе сала бірнеше күнде бұрынғы Ақ үй басшысы Д. Трамп мақұлдаған келісім шартты қайта қарастыруға

жібереді. Оған сәйкес САК пен БАӘ 23 миллиард доллардың қару-жарағын жеткізу болған. Атап айтқанда, оның ішінде F-35 жойғыш ұшағы мен әскери дрондар болды. Бұған қоса, Йемендегі хуситтердің шабуылдарына қарсы одақтас ретінде өз міндеттемелерін орындамады.

## **2.5 Қатардың саяси – экономикалық қалыптасуы және дамуы**

Қатар Парсы шығанағындағы жартыарал болуына қарамастан, өзінің табиғи байлығы мен қол жеткізген экономикалық әлеуетінің арқасында араб және мұсылман елдеріне ауқымды қайырымдылық көрсетіп отырған әлемдегі ең ірі донорлардың қатарында тұрған мемлекет.

2020 жылғы санаққа сәйкес Қатар Мемлекетінде 2,9 миллион адам өмір сүреді, оның ішінде Қатар азаматтарының саны 313 мың адам шамасын құрауда. Олардың айлық жалақысы әлемдегі ең жоғары көрсеткіштің біріне ие, яғни мемлекеттік қызметте істейтін қатарлық айына орта есеппен 8650 доллар алса, банк және мұнай саласында қызмет ететін қатарлық 6040 доллар алады және Қатар долларлық миллионерлер ең көп шоғырланған елдердің бірі болып саналады (*қатарлықтардың 14,3% долларлық миллионер*).

Әрбір қатарлық тегін жер телімін алуға және онда үй салу мақсатында пайызсыз несие ала алады. Қатар азаматы үшін су мен электр қуаты, білім (*барлық сатыда, сонымен қоса шет елде де*) және медициналық қызметтер алу (*шет елде емделу де*) мемлекет тарапынан өтеледі.

Жалғасып жатқан COVID-19 пандемиясы жағдайында 2021 жылы Қатар экономикасы оң динамикамен және кез келген жаһандық өзгерістерге бейімделу қабілетін көрсетіп, бизнестің үздіксіздігін және әртүрлі секторлардағы өмірлік маңызды жобаларды қамтамасыз етті.

MEED экономикалық журналының мәліметі бойынша, 2021 жылы Қатар экономиканы қалпына келтіру индексі бойынша Парсы шығанағында бірінші орынға шыққан. Экономикалық еркіндіктің бағасы бойынша мемлекет Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкада 3 орында, ал әлемде 31 орынға иенденді. Доха ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу бойынша әлемде 8-ші орында.

2021 жылы Қатар халықаралық энергетикалық нарықтардағы позициясын нығайтып, өзін әлемдегі ең маңызды таза энергия жеткізушілерінің бірі ретінде көрсетті.

2025 жылға қарай сұйытылған табиғи газ өндіруді жылына 110 млн. тоннаға дейін және 2027 жылға қарай сұйытылған газ өндіруді жылына 126 млн. тоннаға дейін ұлғайтуға мүмкіндік беретін «Солтүстік кен орнын» кеңейту жобасының бірінші кезеңін іске асыруға арналған келісімшартпен қатар, компания 2027 жылға дейін 100 жаңа газ танкерін салу туралы келісімдерге қол қойды.

Мысыр, Канада, Кипр және Намибия жағалауларында, сондай-ақ Суринам Республикасының екі теңіз аймағында теңізде барлау жұмыстарын жүргізу туралы келісімдер жасалды. Qatar Energy Қытайға, Пәкістанға, Үндістанға және Бангладешке млн. тонна газды жеткізуге арналған келісімшарттарды жаңартты.

Қатарда ең жоғары қуаттылығы 800 МВт/сағ болатын «Әл-Харсаах» (Дохадан 80 км. қашықтықта) бірінші ауқымды күн электр станциясының құрылысы аяқталуға жақын. Құны 500 млн. долларды құрайтын жобаны жапондық Marubeni (51%) және франциялық Total (49%) консорциумы жүзеге асырған. Станция толық қуатына 2022 жылдың ортасында шығады. Siraj 1 SPV консорциумы – Total және Marubeni 40%, Qatar Energy және Qatar Electricity & Water Company 60% акцияларына иелік ететін станцияны басқаруға ниетті [46].

Өнеркәсіп секторы Қатар экономикасының дамуының негізгі қозғаушы күштерінің біріне айналды, оның ішкі жалпы өнімге қосқан үлесін 8,7%-ға дейін өсірді. Қатардағы қайта өңдеу өнеркәсібі 135 зауытта 215 өнім түрін шығарады. Қағаз өнімдерін 62 зауыт, құрылыс материалдары мен химия өнімдерін 281 зауыт шығарады. Медициналық тауарлар секторында 5 зауыт, мұнай-газ және мұнай-химия өнеркәсібінде 28 зауыт, ал металлургия өнеркәсібінде 179 зауыт бар. Электр өнеркәсібінде Қатардың 36 зауыты 93 өнім шығарады, тамақ және сусын секторында 177 өнім түрін шығаратын 86 зауыт бар. Тоқыма өнеркәсібі 15 фабрикада өндіріледі. Көлік жабдықтарын 37 зауыт шығарады, жиһаз секторы 28 фабриканы қамтиды.

2021 жылы Қатар денсаулық сақтау мен білім беруді қоса алғанда, **инфрақұрылым, жерді игеру және мемлекеттік қызметтер көрсету** саласындағы ірі жобаларды жүзеге асыруды жалғастырды.

Ең маңызды инфрақұрылымдық жобалардың қатарында елдің оңтүстігі мен солтүстігін байланыстыратын Сабах әл-Ахмад дәлізінің ашылуы да бар. Қатарда ұзындығы бір шақырымдық екінші көпір («Умм Лехба») ашылды. Біріктірілген инфрақұрылымды, дамыған жол желісін және сервистік нысандарды қамтамасыз ету аясында Доха өнеркәсіптік аймағының жолын дамыту жобасының төртінші кезеңі аяқталды. Ұзындығы 7,2 км және 3,2 км жер үсті су бұру желісінің құрылысы мен тазартылған ағынды су құбырларының жобалары аяқталды. Төрт кәріздік сорғы станциясын қалпына келтіру және дамыту жобасын және Доханың ішкі бөлігінде кәріз желісін құру жобалары да аяқталды.

Қатар қаржы орталығының соңғы РМІ деректері бойынша, 2021 жылы **өндіріс пен құрылыс секторларының** тез қалпына келетінін көрсетеді. Құрылысқа рұқсат беру жыл ішінде айтарлықтай өсім көрсетті. Тек екінші және үшінші тоқсанның өзінде 3474 (*миісініше 1580 және 1894*) құрылысқа рұқсат берілді [47].

Қонақ үй секторы қарқынды өсуді көрсетті және «жасыл» құрылыс көлемінің ұлғаюы байқалды. Әлемдегі алғашқы коммерциялық 5G желісі салынды, интернетке ену деңгейі 99,6% құрайды.

**Халыққа қызмет көрсету** саласында елдің әртүрлі аймақтарында 94 саябақ ашылды немесе қалпына келтірілді, оның ішінде Дохада 40, Аль-Райанда 20, Әл-Вақрада 6, Әл-Хор мен Әл-Дахирде 7, Әл-Дайен және Әл-Шамалда 5, Умм Салалда 6 және Әл Шаханияда 3 саябақ.

**Ауыл шаруашылығы, мал және балық шаруашылығында** шаруа қожалықтары мен қой өсіретін мал санының артуы есебінен айтарлықтай өсім

байқалды. Ара (*бал өндіру*) шаруашылығының ұлттық бағдарламасы іске қосылды. Қатар көкөністерін өткізу бағдарламасы қабылданып, жергілікті жерде өндірілген көкөністерді сататын 4 базар (*Әл-Мазруа, Әл-Хор, Әл-Дахира, Әл-Уакрах*) жөнделді. Саланың экономикалық рентабельділігін арттыру және жануарлар мен өсімдіктердің генетикалық ерекшеліктерін жақсарту және сақтау әдістерін әзірлеу үшін үкімет су балық шаруашылығын зерттеу орталығын, Жайылымдық өсімдіктерді зерттеу станциясын және мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу станцияларын құрды [48].

**Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз** ету шеңберінде жергілікті көкөніс өндірісі 66-дан 103 мың тоннаға дейін өсті, бұл мемлекеттің өзін-өзі қамтамасыз етудің 41% деңгейіне сәйкес келеді (*2023 жылға дейін өзін-өзі қамтамасыз етудің мақсатты деңгейі 70%*). Сүт өнімдерін өндіру көлемі 2020 жылғы деңгейде сақталып, 230 мың тонна шамасында болды, құс етін өндіру 28 мың тоннаға жетті (*өзін-өзі қамтамасыз етудің 124%*), қызыл ет өндіру 12,5 мың тоннаға дейін жетті (*өзін-өзі қамтамасыз етудің 24%*). Жергілікті балық аулауды тұрақтандыру және балық қорын сақтау арқасында жаңа піскен балық өндірісі сақталды. Асхана жұмыртқасын өндіру көлемі 11 мың тоннаға дейін өсті (*35% өзін-өзі қамтамасыз ету*). Сондай-ақ мемлекет стратегиялық тауарлардың резервтік қорын ұлғайта алды, олардың ең маңыздысы бидай, күріш, тағамдық майлар, қант, мұздатылған қызыл ет және құрғақ сүт [48].

**Қоршаған орта мен климаттың өзгеруі саласында** Қатар ұлттық, аймақтық және халықаралық деңгейде оң нәтижелерге қол жеткізді. Елде Қоршаған орта және климаттың өзгеруі министрлігі құрылды, оның міндеттеріне климаттың өзгеруін тудыратын шығарындыларды шектеу кіреді. Осы жылдың қазан айында Үкімет Қоршаған орта және климаттың өзгеруі жөніндегі Ұлттық стратегияны әзірледі, онда бес негізгі басымдық берілген бағыттар: парниктік газдар шығарындылары, ауа сапасы, биоәртүрлілік, су және айналым экономикасы, қалдықтар мен жерді пайдалануды басқару.

Қатардың осы саладағы көрнекті жетістіктері биоәртүрлілік деректер базасы жобаларын, жерлерді қалпына келтіру, теңіз тасбақалары популяциясын бақылау және қорғау, шөлейттенуге қарсы іс-қимыл жоспары және жабайы табиғатты сақтау стратегиясын қамтиды. Сонымен қатар, сынаптың мөлшерін түгелдеу, жағалаулардағы радиологиялық бақылау үшін ерте хабарлау желісін жаңарту бойынша ұлттық жоспар жүзеге асырылды.

Дәл осы тұрғыда мемлекет жаңартылатын энергия көздеріне (*ең ірі күн электр станциясы салынуда*) және экологиялық таза көлікті пайдалануға қатысты жобаларға көбірек көңіл бөлуде. Мәселен, Қатарда 2022 жылдың соңына қарай экологиялық таза қоғамдық көлік үлесін 20-25 пайызға дейін арттыру жоспарлануда.

Қатардың **Азаматтық авиация** басқармасы өзінің ұлттық әуе тасымалдаушы желісін кеңейту жоспарларын іске асыруды жалғастыруда, оның ішінде Араб азаматтық авиация ұйымының Атқарушы кеңесіне мүшелік алу, ЕО-мен кең ауқымды әуе көлігі туралы келісімге қол қою, әуе қатынасы туралы

келісімдердің шарттарын жаңарту және қол қою арқылы басқа елдермен жаңа меморандумдар жасасу кіреді [49].

Skytrax ұйымдастырған World Airline Awards 2021 салтанатында Qatar Airways бұрын-соңды болмаған алтыншы рет (2011, 2012, 2015, 2017, 2019, 2021) «Жыл әуекомпаниясы» атанды. Сондай-ақ әлемдегі «ең жақсы бизнес-класс», «әлемдегі бизнес-класс жолаушыларына арналған ең жақсы орын», «әлемдегі ең жақсы бизнес-класстағы тамақтандыру» және «Таяу Шығыстағы үздік авиакомпания» ретінде танылды. Компанияға 5 жұлдызды COVID-19 қауіпсіздік рейтингі берілді.

Qatar Airways «OneWorld» жаһандық әуе альянсына қосылған Парсы шығанағы елдерінің алғашқы әуе компаниясы. Qatar Airways Cargo (әлемдегі үшінші ең үлкен жүк флотына ие) бүкіл әлем бойынша 60 бағытына ұшуда. Сонымен қатар, Qatar Airways IATA авиациялық көміртек биржасында мәмілелер жасаған алғашқы тасымалдаушы болды.

Сонымен қатар, Хамад халықаралық әуежайы Skytrax World Airport Awards 2021 марапатына ие болды және «Әлемнің жетекші әуежайы» атанды. Осы жылдың ішінде Доха әуежайы арқылы 220 мыңнан астам рейс орындалып, 35 млн. астам жолаушы тасымалданды.

Биылғы жылы Хамад теңіз портындағы екінші контейнерлік терминалды дамыту жобасының бірінші және екінші кезеңдері аяқталды, оның бастапқы пайдалануы 2020 жылдың желтоқсанында басталды. Порттағы операциялар көлемі 2021 жылы 14%-ға өсті (1,1 млн. тонна жүктен 1,3 млн. тоннаға дейін).

2021 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша **экспорттың** жалпы көлемі (жергілікті тауарлар экспортын және рэкспортты қоса алғанда) 59,7 млрд. АҚШ долларын құрады. Қатардан негізгі тауарлар Жапонияға, Қытайға, Оңтүстік Кореяға, Үндістанға және Сингапурға жеткізілді. Экспорттың ең танымал өнімдері мұнай газдары, минералды отындар, майлар және оларды айдау өнімдері, химиялық өнімдер, машиналар мен көлік құралдары болды.

Бұл тұрғыда Қатар Сауда-өнеркәсіп палатасының деректері назар аудартады, бұл жеке сектор өндірген өнімдердің экспорты шамамен 5,7 млрд. АҚШ долларын құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 88%-дан астамға өскенін көрсетеді.

Осы кезеңде **импорт** 20,2 млрд АҚШ долларын құрады. Елге тауарлар негізінен Қытайдан, АҚШ-тан, Үндістаннан, Түркиядан және Жапониядан келген. Оларға машиналар мен көлік жабдықтары, азық-түлік, химия және тұрмыстық өнімдер жатады [50].

Қатар басшылығының ішкі тұрақтылықты сақтауға қатысты жүргізіп отырған саясаты ел үкіметі жергілікті тұрғындардың әлеуметтік жағдайына, атап айтқанда әл-аухатын жақсарту, адам құқықтары мен рухани және мәдени дамуы, сауаттылық мәселелеріне аса көңіл бөліп отыр. Осы тұрғыдан алғанда Қатар басшылығы **жастар тәрбиесіне** ел болашағы мен мемлекеттің қарқынды дамуына әкелетін маңызды фактор ретінде қарайды. Сондықтан жастардың сапалы білім алуына, демократиялық құндылықтарды бойына сіңіруіне, діни татулық пен салауатты өмір салтын ұстануына ерекше көңіл бөледі.

Қатар Үкіметі 2001 жылдан бастап білім жүйесін реформалауды қолға алды. 2001-2015 жылдары жүргізілген «Жалпыға ортақ білім» атты ұлттық бағдарламаның нәтижесінде ел ішінде ерте жастан мектепке бару деңгейі ұлғайған (97,6%). 15 пен 24 жас аралығындағы Қатар тұрғындардың сауаттылығы 100% құраса, одан үлкендер арасындағы сауатсыздық 9%-ға төмендеген. 2021 жылғы шілдедегі санақ бойынша Қатардың 50% тұрғындары 5-25 жас аралығындағы жасөспірімдер.

Қатарда негізінен жастар ісімен 2021 жылы қазан айында қайта құрылған ҚМ Спорт және жастар министрлігі айналысады. Бұған дейін, ҚМ Мәдениет және спорт министрлігінің құзыретінде болған.

ҚМ Үкіметі ел аумағындағы мектептер мен балабақшалардың санын көбейтуді басты мақсаттарының бірі санайды. Осы бағытта табысты жұмыстар жүргізу үшін «Ашғаль» қоғамдық жұмыстар жөніндегі Қатар мемлекеттік комитетін құрды. Комитеттің басшылығымен соңғы 10 жылда ел ішінде 100-ге жуық мектеп, 60-тан астам балабақша салынған. Ол үшін ҚМ Үкіметі 750 млн. АҚШ долларына жуық қаражат бөлген.

Атап өтетін жәйт, 1952 жылы Қатарда тек бір ғана ерлерге арналған мектеп ашылып, онда 240 оқушы және 6 мұғалім болған. Қазіргі таңда елде 400-ден астам үкіметтік және 334 жуық жеке орта білім беру орындары, 21 үкіметтік және 5 жеке жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттары бар.

2008 жылы Қатардың 2030 жылға дейінгі дамуына қатысты «Ұлттық жоспар 2030» қабылданып, оның аясында қысқа мерзімді ұлттық стратегиялық даму жоспарлары қабылдана бастады. Олардың басты мақсаттарының бірі жастарға дұрыс тәрбие беру, отбасы құндылықтарын нығайту, ана мен бала мәселелеріне көңіл бөлу болып табылады.

Жергілікті мамандардың айтуынша, қазіргі араб жастарының арасында семіздік басты проблема ретінде қалыптасып отыр. Қатар жастары арасында да семіздік пайызы өте жоғары. ҚМ Үкіметін алаңдататын екінші мәселе жастар арасындағы өлімнің кең таралуы. Бұл негізінен көлік апаттары салдарынан орын алуда. Сондықтан, ҚМ Үкіметі қоғамды қалыптастыру ісіне жастарды көп тарту керек деп есептейді. Ол үшін бірқатар жобалар қолға алынған.

1995 жылы құрылған Білім, ғылым және қоғамдық даму қоры (Qatar Foundation) мен мектеп жасына дейінгі балалар мен жасөспірімдерге білім беруге арналған «Қатар Академиясы» Қатардың жастар саясатында маңызды орын алады. Аталған ұйымдардың мақсаты қатарлықтардың сапалы орта және жоғары білім алуларына жағдай жасау және Қатардағы ғылыми және инновациялық зерттеулерді әлемдік деңгейге көтеру болып табылады.

«Qatar Foundation» аясында студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізулері үшін арнайы Қатар Ұлттық зерттеу қоры (QNRF) құрылды. Қор жастардың ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізулері мен жаңалықтар ашулары үшін жылына ірі көлемде қаражат бөліп отырады [51].

Сонымен қатар, жастардың білім алып, ғылыми жаңалықтар ашуына жағдай жасау үшін Доха қаласында 1000 гектар жерге «Білім қалашығы» (Education City) салынған. Қатар жастарының сырт елдерге шықпай әлемдік

жоғары оқу орындарында білім алулары үшін халықаралық деңгейдегі университеттердің өкілдіктері ашылған:

- 1997 жылы Вирджин университетінің өнер және дизайн мектебі филиалы;
- 2002 жылы әлемге әйгілі Уэйл Корнелл медицина колледжінің филиалы;
- 2003 жылы Техас университетінің химия, электротехника, мұнай және машинақұрастыру салаларындағы филиалы;
- 2005 жылы Джорджтаун университетінің дипломатиялық қызмет мектебінің филиалы;
- 2008 жылы АҚШ Солтүстік және Батыс университетінің журналистика мен коммуникация салаларындағы филиалы;
- 2011 жылы Париждің НЕС университетінің бизнес мектебінің филиалы;
- 2011 жылы Лондон университетік колледжінің Қатар мұражай қауымдастығымен ынтымақтаса отырып, мұражай және археология істері аспирантурасы.

Сондай-ақ, осы жоғары оқу орындарымен қатар, Хамад бен Халифа университеті исламдық қаржы, исламтану және исламдағы жалпы саясат магистрі дәрежесін алуға мүмкіндік беріп отыр.

Сонымен қатар, Білім қалашығында Қатар ғылыми-технологиялық паркі (QSTP), Конференция орталығы (QNCC) және күн энергиясын өндіру орталықтары салынған.

Қор білім қалашығында Қатар мен Таяу Шығыс аймағының азаматтары үшін ең жақсы оқу бағдарламасын ұсынып отырған әлемдік деңгейдегі университеттердің өзіндік бірлестігін құрды. Аталған оқу орындарында әртүрлі ұлттардың өкілдерінен тұратын әлемнің 90 мемлекетінен келген мұғалімдер мен білім қалашығының қызметкерлері жұмыстар атқарады.

Білім қалашығының аумағында Қатардың ғылыми-технологиялық паркі, Конференц-орталық және басқа да инфрақұрылымдар салынған. Ол жерде биотехнология, нанотехнология және діңгекті жасушаларды зерттеу салаларындағы халықаралық деңгейдегі конференциялар өткізіледі. 2012 жылы Қатардың ғылыми-технологиялық паркінде ең алғашқы рет баламалы күн энергиясын өндіру бойынша қазіргі заманғы жабдықтарды сынақтау іс-шарасы болып өтті.

Әлемдік деңгейде Қатардың ғылыми-технологиялық паркі, сондай-ақ, тұрғылықты елдің алғашқы еркін сауда аймағы болып саналады. Осы объектіні ашуға 300 млн. АҚШ доллары көлемінде инвестиция салынды. Қазіргі уақытта ол жерде ExxonMobil, Royal Dutch Shell, Total, Rolls-Royce plc, EADS және Microsoft компаниялары жұмыс істеуде.

Қатардың білім, ғылым және қоғамдық даму қорының басты жобаларының бірі - құны 7,9 млрд. АҚШ долларын құрайтын «Сидра» медициналық және зерттеу орталығы. Ол дәрігерлік білім мен биодәрігерлік зерттеуге клиникалық көмек көрсетуге бағытталған. Ал, «SilaTech» әлеуметтік бағдарламасы Таяу

Шығыстағы және Солтүстік Африкадағы жастарды жұмысқа орналастыруға бағытталған. Шейха Моза бинт Насер Әл-Миснед 2008 жылы 15 қаңтарда Мадридте өткен «Өркениеттер альянсының» 1-ші форумында бұл бастама туралы баяндап және оған Қатар 100 млн. доллар бөлетіндігін жариялаған болатын.

Сонымен қатар, Қор білім саласындағы жобаларының шеңберінде «WISE» білім саласындағы инновациялар бойынша бүкіләлемдік саммитке демеушілік жасайды. Білім алу мәселесін талқылау үшін қызығушылық танытқан бүкіл әлем өкілдерінің пікірлерін біріктіріп отырған жаһандық форумның саммиті 2009 жылдан бері жылсайын Доха қаласында өткізіліп келеді. Соңғы саммит 2018 жылғы 22 қыркүйекте өтіп, білім инновациясы саласы бойынша ұсынылған 419 жобаның ішінен 6 жоба (Нигерия, Пәкістан, Канада, АҚШ, Оңтүстік Африка Республикасы, Қытай) үздік деп танылып, арнайы жүлделермен марапатталды.

Бұған қоса, Білім қалашығында қордың қаржыландыруымен «Дохадағы пікірталас» («Doha Debates») атты шара өтіп, «BBC» әлемдік телехабарында көрсетіледі. Аталған телехабарда Араб және Ислам әлемі проблемалары мен Араб және Ислам әлемінің Батыс елдерімен өзара байланыстарының көкейтесті мәселелері талқыланады.

Осы ретте, ҚМ Отбасы істер жөніндегі Жоғары кеңесі мен «Өркениеттер Альянсының» жоғары деңгейдегі лауазымды тұлғалар тобына және АҚШ-тың «Forbes» журналының есебі бойынша әлемдегі 100 ықпалды әйелдердің қатарына кіретін, білім және әлеуметтік салаларды, өркениеттер, мәдениеттер және мұсылман елдері мен батыс елдері арасындағы диалогты дамытуға қосқан еңбектері үшін халықаралық жүлделердің иесі шейха Моза бинт Насер Әл-Миснадтың қор қызметіндегі белсенді басшылығын атап өткен жөн.

Жалпы алғанда, қазіргі уақытта Қатар өзінің жастары үшін білім алуда таңдау жасауға, денсаулық пен әлеуметтік салаларды жақсартуға ерекше басымдық беріп, мемлекеттік стратегияларды жүйелі түрде жүзеге асыруға Қатардың білім, ғылым және қоғамдық даму қоры да өз үлесін қосып отыр.

Сонымен бірге, шейха Мозаның бастамасымен 2008 жылы іске қосылған «SilaTech» бағдарламасы кәсіпкер жастарды қолдау және жастарды жұмыспен қамтуға бағытталған. Ең бастысы аталған бағдарламаға үкімет пен банктер, мемлекеттік компаниялар мен жеке сектор қолдау көрсетеді. Шейха Мозаның айтуынша, аталған бағдарлама Таяу Шығыс аймағындағы жастардың экономикалық және әлеуметтік мәселелерін шешуге арналған. Ол жастарға ерекше көңіл бөлуді аймақтың қауіпсіздігі мен дамуына инвестиция салу деп есептейді. Жастарды жұмыспен қамту арқылы елдің тұрақтылығы мен дамуын сақтауға қол жеткізуге болатынына сенімді. Себебі, «араб көктемінің» аймақтағы елдерде (Тунис, Мысыр, Либия) кең таралуына жастар арасындағы жұмыссыздық пен арнайы бағдарламалардың болмауы әсер еткен.

Сондай-ақ, Қатар Үкіметі өз елінің жастары мен шетелдік жастар арасында мәдени байланыстар орнату бағдарламаларына қолдау көрсетуде. Әсіресе, шетелдік үкіметтік емес ұйымдары арқылы жастардың өзге елдердің



мәдениетімен танысуға, тәжірибе алмасуларына мүмкіндіктер жасауда. Ол үшін жазғы маусымда қатарлық жастардың сырт елдерге сапармен барулары, ол жерлердегі жастар ұйымдарымен байланыс орнатулары үшін арнайы бағдарламалар қабылданған.

ҚМ Үкіметі жастарды спортқа баулуға үлкен мән береді. Соңғы жылдары ел ішінде спорт түрлерін дамыту, қоғамды салауатты өмірге баулу бағытында қарқынды жұмыстар атқарылуда. Әсіресе, жастар үшін ел ішінде әлемдік стандарттар бойынша спорттық кешендер салынып, жасөспірімдерге серпін беретін спорт түрлерінен халықаралық біріншіліктер ұйымдастырылып келеді. Солардың бірі ретінде 2021 жылы Дохада дзюдодан өткен әлем біріншілігін, 2022 жылы ұйымдастырылатын футболдан Әлем чемпионатын атап өтуге болады.

Мұның бәрі жастарға спортпен айналысуға қосымша серпін береді, ал мемлекетке – спорттық инфрақұрылымды дамыту мен аясын кеңейтуге мүмкіндік туғызбақ.

Мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жастарға дұрыс тәрбие беру ісі де жүйеге қойылған. Әсіресе, ел ішіндегі, әлемдегі және аймақтағы оқиғалар туралы дұрыс ақпарат беруге негізделген. Осыған байланысты, «Qatar Debate» Ұлттық ұйымы орталық телеарнада жастардың әлеуметтік және халықаралық мәселелерге қатысты пікір алмасуы мен сөз жарыстыруы үшін арнайы бағдарлама ашқан [52].

Төменде кестелер арқылы Қатар Үкіметінің Қаржы, экономика, бизнес, салық т.б. саласындағы көрсеткіштері жасалды.

#### 1-кесте – Қатар экономикасының негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіштері	Мәні	Кезеңі
ЖІӨ көлемі	146 USD млрд.	2021
ЖІӨ жылдық өсу қарқыны	2 %	4 кв./21
ЖІӨ өсу қарқыны	-0.9 %	4 кв./21
Халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ	56011 USD	2020
Жыл ішіндегі инфляция деңгейі	4.42 %	мар. 2022
Пайыздық мөлшерлеме	2.5 %	мар. 2022
Жұмыссыздық деңгейі	0.1 %	2 кв./20
Кестенің жалғасы		
Сауда балансы	26670 QAR млн.   7.325 млрд. USD	мар. 2022
Ағымдағы теңгерім	41587 QAR млн.   11.421 млрд. USD	4 кв./21
Халықаралық валюта резервтері	210480 QAR млн.   57.805 млрд. USD	мар. 2022
<b>ЖІӨ КӨРСЕТКІШТЕРІ</b>		
Көрсеткіші	Мәні	Кезеңі
ЖІӨ көлемі	146 USD млрд.	2020
ЖІӨ жылдық өсу қарқыны	2 %	4 кв./21
ЖІӨ өсу қарқыны	-0.9 %	4 кв./21

## 1-кестенің жалғасы

Халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ	56011 USD	2020
Салыстырмалы бағадағы ЖІӨ	166242 QAR млн.   45.656 млрд. USD	4 кв./21
Халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ ПОҚ	85266 USD	2020
Ауыл шаруашылығынан ЖІӨ	440 QAR млн.   0.121 млрд. USD	4 кв./21
Құрылыс ЖІӨ	20469 QAR млн.   5.621 млрд. USD	4 кв./21
Өндірістен ЖІӨ	12905 QAR млн.   3.544 млрд. USD	4 кв./21
Тау-кен өнеркәсібінен ЖІӨ	61253 QAR млн.   16.822 млрд. USD	4 кв./21
Мемлекеттік сектордың ЖІӨ	12831 QAR млн.   3.524 млрд. USD	4 кв./21
Қызмет көрсету саласынан ЖІӨ	15371 QAR млн.   4.221 млрд. USD	4 кв./21
Көліктен ЖІӨ	5527 QAR млн.   1.518 млрд. USD	4 кв./21
Коммуналдық қызметтерден ЖІӨ	1264 QAR млн.   0.347 млрд. USD	4 кв./21
<b>БЮДЖЕТТІК КӨРСЕТКІШТЕР</b>		
Көрсеткіші	Мәні	Кезеңі
ЖІӨ-ге мемлекеттік қарыз	71.8 %	2021
Мемлекеттік бюджет	-11268 QAR млн.   -3.095 млрд. USD	2021
Мемлекеттік шығындар	122836 QAR млн.   33.735 млрд. USD	2021
Мемлекеттік кірістер	171187 QAR млн.   47.014 млрд. USD	2021
Бюджеттік шығыстар	182454 QAR млн.   50.108 млрд. USD	2021
ЖІӨ-ден мемлекеттік бюджет	-2.1 %	2021
<b>ИНФЛЯЦИЯ КӨРСЕТКІШТЕРІ</b>		
Көрсеткіші	Мәні	Кезеңі
ТБИ тұтыну бағаларының индексі	101 инд. п.	мар. 2022
Азық-түлік инфляциясы	3.44 %	мар. 2022
Бензин бағасы	0.55 USD/литр	апр. 2022
ЖІӨ дефляторы	75.1 инд. п.	2017
Жыл ішіндегі инфляция деңгейі	4.42 %	мар. 2022
Өндірушілердің баға индексі	93.32 инд. п.	янів. 2022
<b>Кестенің жалғасы</b>		
Бір айдағы инфляция деңгейі	0.58 %	мар. 2022
Коммуналдық қызметтерге ТБИ	90.74 инд. п.	мар. 2022
Көлікке ТБИ	110 инд. п.	мар. 2022
Өндірушілер бағасының өзгеруі	62.9 %	янів. 2022
<b>САУДА КӨРСЕТКІШТЕРІ</b>		
Көрсеткіші	Мәні	Кезеңі
ЖІӨ-ге ағымдағы теңгерім	-2.5 %	2020
Сауда балансы	26670 QAR млн.   7.325 млрд. USD	мар. 2022
Ақша ағындары	-15077 QAR млн.   -4.141 млрд. USD	2 кв./21

1-кестенің жалғасы

Ағымдағы теңгерім	41587 QAR млн.   11.421 млрд. USD	4 кв./21
Экспорт	36713 QAR млн.   10.083 млрд. USD	мар. 2022
Халықаралық валюта резервтері	210480 QAR млн.   57.805 млрд. USD	мар. 2022
Импорт	10043 QAR млн.   2.758 млрд. USD	мар. 2022
Шетелдік туристер саны	582 тыс. чел.   0.582 млн. чел.	2020

**АҚША КӨРСЕТКІШТЕРІ**

Көрсеткіші	Мәні	Кезеңі
Алтын резервтер	56.73 тонн	4 кв./21
Пайыздық мөлшерлеме	2.5 %	мар. 2022
Ақша агрегаты М0	102722 QAR млн.   28.211 млрд. USD	мар. 2022
Ақша массасы М1	161095 QAR млн.   44.242 млрд. USD	мар. 2022
Ақша массасы М2	632923 QAR млн.   173.823 млрд. USD	мар. 2022
Орталық банктің балансы	272098 QAR млн.   74.728 млрд. USD	мар. 2022
Салымдар бойынша пайыздық мөлшерлеме	1 %	апр. 2022
Тікелей шетелдік инвестициялар	-2507 QAR млн.   -0.689 млрд. USD	3 кв./21
Жеке секторға кредит беру	775990 QAR млн.   213.114 млрд. USD	мар. 2022

**ЕҢБЕК НАРЫҒЫ ЖӘНЕ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ**

Көрсеткіші	Мәні	Кезеңі
Еңбекақы	1000 QAR/мес.   274.635 USD/мес.	2021
Жұмыссыздық деңгейі	0.1 %	2 кв./21
Жұмысқа орналасқан халық саны	2161793 чел.   2.162 млн. чел.	2 кв./21

**САЛЫҚТАР**

Көрсеткіші	Мәні	Кезеңі
Корпоративтік салық ставкасы	10 %	2021
Табыс салығының ставкасы	0 %	2021
Әлеуметтік сақтандыру мөлшерлемесі	0 %	2021
Компаниялар үшін әлеуметтік сақтандыру мөлшерлемесі	0 %	2021
Қызметкерлерді әлеуметтік сақтандыру мөлшерлемесі	0 %	2021

**ӨНДІРІСТЕРІ**

Көрсеткіші	Значение	Период
Шикі мұнай өндіру	1317 BBL/D/1K	январь. 2022
Өнеркәсіп өндірісі	-11.08 %	фев. 2022

Кестенің жалғасы

Кен өндіру өнеркәсібінің көлемі	-13.74 %	0 кв./22
Өнеркәсіптік өндіріс (м/м)	-20.23 %	фев. 2022

**БИЗНЕС КӨРСЕТКІШТЕРІ**

Көрсеткіші	Мәні	Кезеңі
Іскерлік сенім	23.2 инд. п.	3 кв./18
Сыбайлас жемқорлық индексі	63 инд. п.	2021
Сыбайлас жемқорлық дәрежесі	31 место	2021
Бизнесті жүргізу жеңілдігі	77 место	2019

1-кестенің жалғасы

Өндірістік сектордағы іскерлік белсенділік	63.6 инд. п.	апр. 2022
Өңдеу өнеркәсібі	2.31 %	0 кв./22
Бәсекеге қабілеттілік индексі	72.87 инд. п.	2019
Бәсекеге қабілеттілік бойынша дәреже	29	2019
<b>ТҰТЫНУ КӨРСЕТКІШТЕРІ</b>		
<b>Көрсеткіші</b>	<b>Мәні</b>	<b>Кезеңі</b>
Тұтынушылардың сенім индексі	184 инд. п.	1 кв./20
Тұтыну шығындары	136549 QAR млн.   37.501 млрд. USD	2020
Ескертпе – Қатардың экономикасы және экономикалық көрсеткіштері берілді, онда ел экономикасы бойынша соңғы деректерді, ағымдағы мәндер мен статистикалар қарастырылды [53]		

Қорыта келгенде, ҚМ Үкіметінің жастар үшін қолға алған бағдарламалары нәтижесінде қазіргі уақытта Қатар жасөспірімдерінің өзі жоғары деңгейлі «қатарлық» ұлт қалыптастыруға белсенді түрде араласуға ынталы екендігі байқалады. Бұған жастар арасындағы жұмыссыздық көрсеткішінің басқа араб елдері ішінде ең төмен болуы дәлел.

## 2-бөлім бойынша тұжырым

САК пен БАӘ монархтарының АҚШ Президенті Дж. Байден арасындағы салқындықтың әсері ретінде мұнай мен газға бай елдер Батыс елдеріне аталған шикізат көлемін арттыруға асықпайтыны анық. Ұлыбритания Премьер-министрі Б.Джонсонның сапары да айтарлықтай бұл бағытта жетістіктерге жеткізе алмады. Дегенмен, бұл Эр-Рияд пен Әбу-Дабидің уақытша ойыны, өзіне тиімді алғышарттар мен қомақты қаржыға сатуы және өз қажеттіліктерін қамтамасыз етулері үшін байсалмен жасалған қадам болуы мүмкін.

Әлбетте олар Дж. Байденнің Президенттікке сайлау алдындағы науқаны барысындағы мәлімдемелерін ұмытпайды және мұнай-газ бойынша әрекеттері қарымта жауабы деуге келеді. Алайда, соңғы уақытта ПШАМЫК елдері өздерінің бұрынғы саяси көзқарастарын шетке ығысытырып, аймақтағы тұрақтылық пен жалпы экономикалық әлеуеттерін ілгерілету бағытына өзгеріп келе жатқандығын байқауға болады. Оны кейбір араб елдерінің «Авраам» келісіміне қол қою арқылы Израильмен қарым-қатынастарды жандандыруынан, Иран және Түркиямен келіссөздердің қайта жүргізе бастауынан көруге болады. Көптеген жылдар бойы аймақтың гаранты болған АҚШ-қа деген көзқарастары өзгерді деуге келеді. Оны 2019 жылы саудтық мұнай шығарудағы алпауыт «Saudi Aramco» компаниясының мұнай өңдеу зауыттарына жасалған шабуылы барысында американдық «Patriot» ракетаға қарсы системаларының дрондарға тойтарыс бере алмауы байланысты ресейлік С-300 және С-400 жүйесін алуға қызығушылық танытуынан байқалады.

Қатар қазіргі уақытта бүкіләлемдік бақыт туралы есеп бойынша мемлекет бақыт деңгейі бойынша әлемде 29-шы орында тұр. Ал қауіпсіздік жағынан

бірінші орында. Numbeo Crime Index мәліметтері бойынша Қатар әлемдегі ең қауіпсіз елдер рейтингінде бірінші орында тұр. Дүниежүзілік экономикалық форум білім беру жүйесін бағалау бойынша Қатарды әлемде төртінші орынға қойды.

Өзінің қаржылық байлығына қарамастан, Қатар 2021 жылы өзін шетелдік инвесторлар үшін аймақтық хаб ретінде белсенді түрде көрсетті. Үкіметтің түрлі деңгейлеріндегі ресми кездесулер барысында олар Доханың инвестициялық ахуалды жақсартудағы, қажетті инфрақұрылым мен нормативтік-құқықтық базаны дамытудағы жетістігін атап өтті.

Бұл ретте инвесторларға тартымды салықтық, қаржылық және корпоративтік шарттар ұсынылады – 100% шетелдік меншік (жалпы 49%), 0% табыс салығы (кейбір жағдайларда 10%), пайданы және капиталды репатриациялауға шектеулер жоқ.

Бірыңғай инвестициялық саясатты жүзеге асыру үшін үкімет Қатар лицензиялау платформаларымен (Сауда және өнеркәсіп министрлігі, Қатар қаржы орталығы, Қатар ғылыми-технологиялық паркі, Қатар еркін аймақтары және медиа қаласы) бірге Инвестицияларды ынталандыру агенттігінің (Investment Promotion Agency Qatar) қызметіне үлкен көңіл бөлді.

Қатар қаржы орталығының (QFC) платформасы қаржылық және онымен байланысты қызмет жеткізушілеріне бағытталған. Бұл платформа банктерге, сақтандырушыларға, инвестициялық компанияларға, зейнетақы қорларына, брокерлік фирмаларға консалтинг, салық, аудит, бухгалтерлік есеп, заңды бизнеске арналған. QFC-нің көрнекті резиденттері арасында АҚШ пен Ұлыбританияның бас кеңселері бар, оның ішінде K&L Gates LLP заң фирмалары мен Eversheds Sutherland, Германияның Rödl Middle East, AIG бар.

Қатар ғылыми-технологиялық паркі (QSTP) – Қатардағы ресурстардың кем дегенде жартысын зерттеулер мен әзірлемелерге арнайтын жоғары технологиялық компанияларға арналған платформа. Оның мүшелері арасында Microsoft, Google Cloud, Cisco, Vodafone, «Роснефть»-тың халықаралық ғылыми-зерттеу және дамыту орталығы бар. QSTP энергетика, қоршаған орта, денсаулық ғылымдары және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар салаларында жұмыс істейді. Платформа гранттар мен инвестициялар арқылы венчурлық қаржыландыруға қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Qatar Free Zones платформасы өнеркәсіптік тауарлар мен қызметтерді өндіру, фармацевтика, биотехнология және медицина, автомобиль жабдықтарын өндіру, энергетика және экологиялық технологиялар, құрылыс және жылжымайтын мүлік, қонақжайлылық, тұтыну тауарлары және бөлшек сауда, логистика саласындағы іріктелген ірі шешімдерге маманданған. Физикалық тұрғыдан алғанда, инвесторлар үшін екі аймақ бөлінген – Хамад халықаралық әуежайына қосылған Рас Буфонтас және заманауи терең теңіз портының жанында Умм Альхоул. Мүшелері арасында Google, DHL, Volkswagen, China Harbor Engineering Company Ltd, Gaussin сияқты әлемге әйгілі компаниялар бар [33].

Дәстүрлі және цифрлық медиа, технологиялар және коммуникациялар саласындағы компаниялар Media City платформасы арқылы жұмыс істей алады. Euronews және Bloomberg Media Media City-мен серіктестік туралы жариялады.

Қатар Қаржы министрлігінің мәліметі бойынша, 2022 жылы мемлекеттік шығыстар бюджеті 56,1 млрд. АҚШ долларын құрайды, бұл негізінен футболдан әлем чемпионатын өткізуге жұмсалатын операциялық шығындардың уақытша өсуіне байланысты деп айтылуда. Оның ішінде ірі инфрақұрылымдық жобаларға 20,3 млрд., білім саласына 4,9 млрд., денсаулық сақтау саласына 5,5 млрд. доллар бөлінеді.

Қатардың турбулентті заманда 2022 жылғы әлемдік футбол чемпионатын өткізе алуы елдің танымалдылығы мен беделін одан әрі нығайта түседі деп болжамдауға болады. Мұндай ауқымды шараны өткізуге Қатар шамамен 220 млрд. долларын жұмсауда. Бұған дейін өткізген Ресейдің шығынан 20 есе артық.

Бұл халықаралық іс-шараға алдын ала болжам бойынша 1,5 миллион шетелдік жанкүйерлердің қатысуы жоспарлануда. Олар үшін заманауи технологиялармен жабдықталған 7 жаңа стадион салынып, 1-уі толық реконструкциядан өтті (*жалпы 8 стадион*). Жанкүйерлерді орналастыру үшін көптеген қонақ үйлер мен арнайы қалашықтар соғылды, оның ішінде тіптен су үстінде қалықтап тұратын 1001 бөлмеден тұратын 16 қонақ үй салынған.

## ҚОРЫТЫНДЫ

### **Магистрлік жұмысты аяқтай келе, мынадай қорытынды шығарылды:**

1. Қатар 2017 жылғы 5 маусымда Сауд Арабиясы Корольдігі, Біріккен Араб Әмірліктері, Бахрейн Корольдігі мен Мысыр Араб Республикасынан құралған «квартет» тарапынан жасалған блокаданы көп уақыт бойы ұмытпайтыны анық. Сол себепті ел билігі дербес сыртқы және ішкі саясатын жүргізетін болады. Алайда, қазіргі уақытта ПШАМЫК елдерімен қарым-қатынастардың жақсаруына орай өзінің ұлттық мүдделері аясында ынтымақтастықты нығайтуға тырысады.

2. Соңғы жылдары Қатар Мемлекеті өзінің табиғи байлығы арқылы қол жеткізген экономикалық әлеуетінің арқасында араб және мұсылман елдеріне көрсетіп жүрген қайырымдылық көмегі арқылы ерекшеленіп отыр. Бүгінгі күні Қатар - әлемдегі ең ірі донорлардың болып саналады. Осы ретте Қатар мұсылман әлемінде көшбасшылық рөлін атқаруды мақсат тұтады.

3. Болашақта үшінші блокаданы алдын алу мақсатында өңірдегі жетекші елдермен, яғни қиын-қыстау кезеңде қол ұшын берген Түркия және Иран ынтымақтастығын жандандыра береді және бұл тұрғыда оларды араб монархтарына қарсы салмақ ретінде пайдаланады. Оның дәлелі 2022 жылғы мамыр айында Қатар Әмірі Тамим әл-Танидің Тегеранға сапарынан көруге болады, сондай-ақ Түркиямен жыл сайын Доха және Анкара қалаларында өтіп отыратын Жоғары кеңес отырыстары оның дәлелі. Бүгінге дейін 7 отырыс өтті.

4. ПШАМЫК Қатар дағдарысынан кейін кезінде орындалмай қалған іс-шаралар жоспарын жаңартып, қазіргі жағдайға бейімделген шараларды жүзеге асыруға тырысады және мүше елдердері бірлестіре отырып алдағы уақытта кеңестің күн тәртібінде тұрған маңызды мәселелерді жүзеге асыратын болады. 2021 жылдың 10-11 мамыр айында Қатар билеушісі Тамим әл-Танидің дағдарыстан кейінгі Сауд Арабиясына алғашқы ресми сапары және оның барысында ПШАМЫК саммитіне қатысуы оның дәлелі.

5. Ресей-Украина соғысының ұзақ мерзімді болуына және алдағы бірнеше онжылдықта Ресей мен Батыс елдері арасындағы қатынастардың қалпына келмеуіне байланысты Батыс елдері мұнай-газ саласында өз қажеттіліктерін қамтамасыз ету бойынша әрекеттер жүргізетіні анық. Осы ретте ПШАМЫК мүше елдер Еуропаға мұнай-газды жеткізудің көлемін арттыру үшін өзіне тиімді мүмкіндіктерді тосып отырулары ықтимал. Сол себепті жан-жақты қамтылған тиімді ұсыныстар жасалған жағдайда САК пен БАӘ Ресеймен одақтас болуына қарамастан Батыс елдеріне мұнай-газ өнімдерін жеткізу көлемінің артуы болжанады.

6. Ресей-Украина соғысына байланысты кейбір араб және бірқатар Африка елдерінде азық-түлік тапшылығының пайда болуы байқалуда. Осы ретте, ПШАМЫК мүше мемлекеттер аталған елдерге географиялық жақын болуына байланысты бұл проблеманы шешу бойынша тиісті әрекет етуіге мәжбүр болады.

## **ҚР Сыртқы істер министрлігіне ұсыныстар:**

1. Қатардың әл-ауқатын ескере отырып ұзақ мерзімді ынтымақтастық орнату, сондай-ақ соңғы жылдарда екі ел басшылары арасындағы орнаған жылы қатым-қатынастары мен тығыз байланыстарын ескере отырып стратегиялық қарым-қатынастарға дейін жеткізу үшін Қатар Әмірінің Қазақстанға мемлекеттік сапарын ұйымдастыру мүмкіндіктерін пысықтау.

2. Ресей-Украина қақтығысына байланысты кейбір араб және бірқатар Африка елдерінде азық-түлік тапшылығы туындап келеді. Осыған байланысты Маңғыстау облысы мен Бандар-Аббас порты арасындағы темір жол потенциалын барынша пайдалану мүмкіндіктерін пысықтау. Бұл бағытта инфрақұрылымды жетілдіру үшін Қатар инвестициясын тартуға болар еді.

3. Ресей-Украина қақтығысына байланысты кейбір араб және бірқатар Африка елдерінде азық-түлік тапшылығы туындап келеді. ПШАМЫК елдері азық-түлік қауіпсіздігіне өте жіті мән береді. Бұл ретте, Қазақстанның алқап далаларына ауылшаруашылық өнімдерін жетілдіру үшін ПШАМЫК елдерінен инвестиция тарту мақсатқа сай болар еді.

4. Араб төрттігінің Қатарға енгізген санкциялары барысында ҚМ қиынқыстау жағдайда қажеттіліктерін қамтамасыз ету, экономикасын дұрыс үйлестіру бағытында айтарлықтай тәжірибе жинақтады. Осыған байланысты АҚШ, Батыс және өзге елдер тарапынан Ресейге жасалып отырған санкциялар бір экономикалық одақта болуымызға және жалпы халықаралық аренада санкциялар енгізудің жиілеуі байқалуда. Осы ретте, Қатардың санкциялармен күресудегі тәжірибесін зерделеу маңызды болады.

5. Қатардың саяси қарсыластары арасындағы қиын келіссөздерді алға жылжыта білу қабілеті оның мықты дипломатиялық серіктес екендігін дәлелдеді. Ол Батыс үкіметтеріне постамерикандық Ауғанстандағы сыртқы саяси мүдделерін қорғауға көмектесетін ПШАМЫК-тың басты мемлекетіне айналды. Бұл АҚШ пен кейбір Еуропа елдері елшілерінің Қабылдан Дохаға көшуінен және Қатардың былтырғы жылғы эвакуациялау кезінде көмек көрсетуінен білінеді. Осы ретте Қатардың бітімгерлік бағытында атқарып отырған шаралары бойынша тәжірибелерін зерделеп, оларды Орталық Азия елдерінің Ауғанстанмен қарым-қатыста пайдалану мүмкіндіктерін пысықтау.



## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ

- 1 Касаев Э. Катар - активный спонсор «Арабской весны»: предпосылки, последствия и Российский фактор // Научная электронная библиотека «КиберЛенинка». – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/katar-aktivnyy-sponsor-arabskoy-vesny-predposylki-posledstviya-i-rossiyskiy-faktor>.  
Жүгінген күні: 02.02.2022
- 2 Сотрудничество Республики Казахстан с Государством Катар // Официальный сайт Посольства РК в Катаре. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/article/details/469?lang=ru>.  
Жүгінген күні: 02.02.2022
- 3 Современное состояние армии Катара // Сайт некоммерческого партнерства «Российский совет по международным делам». – URL: <https://russiancouncil.ru/analytics-and-comments/analytics/sovremennoe-sostoyanie-armii-katara/>. Жүгінген күні: 02.02.2022
4. Сенченко И.П. Государство Катар. Отражения во времени. - СПб.: Алетейя, 2020. - 420 с.
- 5 Исаев В.А., Оэолинг В.В. Катар. ОАЭ. - М.: Мысль, 1984. - 116 с.
- 6 Исаев В. А., Филоник А. О. Государство Катар: проблемы развития. М., 1999. 145 с.
- 7 Александров И. А. Монархии Персидского залива: этап модернизации. М.: Дело и сервис, 2000. 544 с.
- 8 El Mallakh Ragaеi. Qatar: Development of an Oil Economy. Taylor & Francis, 1979. 183 p.; El Mallakh Ragaеi. Qatar: Energy & Development. Croom Helm, 1985. 184 p.
- 9 Nafi Zuhair Ahmed. Economic and social development in Qatar. F. Pinter, 1983.145 p.
- 10 Key Kerim Kami. The State of Qatar: an economic and commercial survey. K. Key Publications, 1976. 60 p.
- 11 Касаев Э.О. Катар в XXI веке: современные тенденции и прогнозы экономического развития [Text] / Касаев Э.О., [авт. предисл. Н. П. Лаверов] ; Ин-т Востоковедения РАН - Москва : Международные отношения, 2013 . – 182 с.
- 12 Катар в ССАГПЗ. Развитие дипломатического кризиса // Научная электронная библиотека «КиберЛенинка». – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/katar-v-sovete-sotrudnichestva-arabskih-gosudarstv-persidskogo-zaliva-razvitie-diplomaticeskogo-krizisa/viewer>. Жүгінген күні:05.05.2022
- 13 Bandar Salman Al Saud. The GCC security convention. University of Glasgow,1997. 355 p.
- 14 BP Full report – Statistical Review of World Energy 2021. P. 72. – URL: <https://www.bp.com/content/dam/bp/business-sites/en/global/corporate/pdfs/energy-economics/statistical-review/bp-stats-review-2021-full-report.pdf>. Жүгінген күні: 02.05.2022

- 15 Шкваря Л.В., Айдрус И.А. Инвестиционный потенциал арабских стран Персидского залива // Азия и Африка сегодня. 2010. № 10. С. 41.
- 16 Trade profiles 2019. World Trade Organization, 2019 // ДСҰ ресми сайты. – URL: <https://www.wto.org/>. Жүгінген күні: 11.03.2022
- 17 ПШАМЫК өкілдері Ауғанстан билігінің өкілдерімен Дохада кездесті [التقى ممثلو مجلس التعاون مع ممثلي سلطة الأمر الواقع في أفغانستان، يوم الاثنين الموافق 14 فبراير] // ПШАМЫК ресми сайты. – URL: <https://www.gcc-sg.org/ar-sa/MediaCenter/NewsCooperation/News/Pages/news2022-2-14-2.aspx>. Жүгінген күні: 11.03.2022
- 18 Совет сотрудничества арабских государств Персидского залива – ССАГПЗ // Сайт «Студми». Учебные материалы для студентов. – URL [https://studme.org/63141/ekonomika/sovet sotrudnichestva arabskih gosudarstv per sidskogo zaliva ssagpz](https://studme.org/63141/ekonomika/sovet_sotrudnichestva_arabskih_gosudarstv_per_sidskogo_zaliva_ssagpz). Жүгінген күні: 02.04.2022
- 19 Salary Survey // Gulf Business ақпараттық агенттігінің сайты. – URL: <https://gulfbusiness.com/section/jobs/salary-survey/>
- 20 Qatar's emir visits Saudi Arabia, holds talks with crown prince // Әл-Жазира ақпараттық агенттігінің сайты. – URL: <https://www.aljazeera.com/news/2021/5/11/qatars-emir-in-saudi-arabia-for-talks>. Жүгінген күні: 01.02.2021
- 21 Мемлекеттің құрылуы [تأسيس الدولة] // Қатар Әмірі Әкімшілігінің ресми сайты. – URL: <https://www.diwan.gov.qa/about-qatar/history-of-qatar>. Жүгінген күні: 03.04.2022
- 22 Руденко Л. Н. Регулирование внешнеэкономической деятельности в странах Персидского залива [Text] : [справочник] / Л. Н. Руденко,; [отв. ред. А. О. Филоник] ; Ин-т изучения Израиля и Ближнего Востока - Москва : Институт изучения Израиля и Ближнего востока, 1996 . - 120 с.
- 23 International cooperation of Qatar // Қатар Сыртқы істер министрлігінің ресми сайты: – URL: <https://www.mofa.gov.qa/en/foreign-policy/international-cooperation>. Жүгінген күні: 03.04.2022
- 24 "Араб көктемінің" басталғанына 10 жыл. Таяу Шығыста не өзгерді, кім ұтты? // Азаттық радио ақпараттық агенттігінің сайты. – URL: <https://www.azattyq.org/a/near-east-10-years-from-arab-spring-beginning-interview/31011257.html>. Жүгінген күні: 03.04.2022
- 25 Қатар АМЛ кеңесінің 155-сессиясының жұмысына төрағалық етуде [دولة قطر تتراأس أعمال الدورة 155 لمجلس الجامعة العربية] // Қатар Сыртқы істер министрлігінің ресми сайты. – URL: <https://mofa.gov.qa>. Жүгінген күні: 03.04.2022
- 26 Қатар ИЫҰ Сыртқы істер министрлері кеңесінің 48-сессиясына қатысуда [قطر تشارك في أعمال الدورة الثامنة والأربعين لمجلس وزراء خارجية منظمة التعاون الإسلامي] // Қатар Сыртқы істер министрлігінің ресми сайты: – URL: <https://mofa.gov.qa>. Жүгінген күні: 01.05.2022
- 27 OIC extraordinary summit in Istanbul // Иран Президентінің ресми сайты. – URL: <https://www.president.ir/en/104480>. Жүгінген күні: 05.05.2022

28 Bovine Heroes: The Quest for Food Security in Qatar // LinkedIn әлеуметтік сайты. – URL: <https://www.linkedin.com/pulse/bovine-heroes-quest-food-security-qatar-moutaz-al-khayyat>. Жүгінген күні: 14.04.2022

29 Al Udeid Air Force Base in Doha, Qatar // АҚШ әскери базалары жөніндегі сайты. – URL: <https://militarybases.com/overseas/qatar/al-udeid/>. Жүгінген күні: 22.04.2022

30 U.A.E. Pulls Most Forces From Yemen in Blow to Saudi War Effort // The New York Times ақпараттық агенттігінің сайты. – URL: <https://www.nytimes.com/2019/07/11/world/middleeast/yemen-emirates-saudi-war.html>. Жүгінген күні: 20.03.2022

31 Қатар Әмірі сириялық босқындар мен қоныс аударған адамдарды қолдауға 50 миллион доллар бөледі [أمير قطر يخصص 50 مليون دولار دعماً للاجئين والنازحين السوريين // Әл-Жазира ақпараттық агенттігінің сайты. – URL: <https://web.archive.org/web/20190203112138/http://mubasher.aljazeera.net/news/>. Жүгінген күні: 12.05.2022

32 Qatar donates \$1.5m in aid to UNRWA // Middle East Monitor ақпараттық агенттігінің сайты. – URL: <https://www.middleeastmonitor.com/20220414-qatar-donates-1-5m-in-aid-to-unrwa/>. Жүгінген күні: 12.05.2022

33 Humanitarian aid // Қатардың Үкіметтік байланыс агенттігінің ресми сайты. – URL: <https://www.gco.gov.qa/en/focus/foreign-policy-en/>. Жүгінген күні: 12.05.2022

34 Trump makes ending Gulf blockade of Qatar a 'priority' // Middle East Monitor ақпараттық агенттігінің сайты. – URL: <https://www.middleeastmonitor.com/20201118-trump-makes-ending-gulf-blockade-of-qatar-a-priority/>. Жүгінген күні: 12.05.2022

35 Egypt's Sisi invites Qatari emir to Cairo. Egyptian president sends Qatari emir message asking him to visit at 'earliest opportunity' // Anadolu ақпараттық агенттігінің сайты. – URL: <https://www.aa.com.tr/en/middle-east/egypts-sisi-invites-qatari-emir-to-cairo/2274924>. Жүгінген күні: 12.05.2022

36 Qatar-GCC trade soars in 2021 // The Peninsula ақпараттық агенттігінің сайты. – URL: <https://thepeninsulaqatar.com/article/23/01/2022/qatar-gcc-trade-soars-in-2021>. Жүгінген күні: 12.05.2022

37 Қазақстан Республикасы мен Қатар Мемлекеті арасындағы қатынастар // Қазақстанның Қатардағы Елшілігінің ресми сайты. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/article/details/469?lang=kk>. Жүгінген күні: 25.04.2022

38 Qatar - Tajikistan Relations // Қатардың Тәжікстандағы Елшілігінің ресми сайты. – URL: <https://dushanbe.embassy.qa/en/tajikistan/qatar---tajikistan-relations>. Жүгінген күні: 25.04.2022

39 Qatar, Turkmenistan enjoy stable ties // The Gulf Times ақпараттық агенттігінің сайты. – URL: <https://www.gulf-times.com/story/537488/Qatar-Turkmenistan-enjoy-stable-ties>. Жүгінген күні: 25.04.2022

- 40 Политическое сотрудничество Катар-КР // Қырғыз Республикасының Қатардағы Елшілігінің ресми сайты. – URL: <https://mfa.gov.kg/ru/dm/Embassy-of-the-Kyrgyz-Republic-in-the-State-of-Qatar/Menu---Foreign/--uslugi/Political-collaboration/atar>. Жүгінген күні: 25.04.2022
- 41 Qatar, Uzbekistan ‘enjoy strong ties, bright future // The Peninsula ақпараттық агенттігінің сайты. – URL: <https://thepeninsulaqatar.com/article/25/02/2021/Qatar,-Uzbekistan-%E2%80%98enjoy-strong-ties,-bright-future%E2%80%99>. Жүгінген күні: 25.04.2022
- 42 Representatives from the Gulf Cooperation Council (GCC) met with representatives from the de facto authorities in Afghanistan, on Monday, 14 February 2022, in Doha, the State of Qatar // ПШАМЫК ресми сайты. – URL: <https://www.gcc-sg.org/ar-sa/MediaCenter/NewsCooperation/News/Pages/news2022-2-14-4.aspx>. Жүгінген күні: 25.04.2022
- 43 The GCC and the Russia-Ukraine Crisis // Вашингтон қаласындағы араб орталығы. – URL: <https://arabcenterdc.org/resource/the-gcc-and-the-russia-ukraine-crisis/>. Жүгінген күні: 25.04.2022
- 44 Qatar’s emir visits White House, as Biden may need help with natural gas for Europe // Washington Post ақпараттық агенттігінің сайты. – URL: <https://www.washingtonpost.com/national-security/2022/01/31/qatar-ukraine-natural-gas-europe/>. Жүгінген күні: 25.04.2022
- 45 Джонсону не удалось уговорить саудитов и ОАЭ нарастить добычу нефти // Интерфакс ақпараттық агенттігінің сайты. – URL: <https://www.interfax.ru/world/829697>. Жүгінген күні: 16.05.2022
- 46 Qatar Energy // ЕІТІ өндіруші салалардың ашықтығы жөніндегі бастамасы атты сайты. – URL: <https://eiti.org/supporters/qatar-energy>. Жүгінген күні: 15.05.2022
- 47 Qatar Financial Centre PMI // Қатар қаржы орталығының сайты. – URL: <https://www.qfc.qa/en/media-centre/insights/indicators>. Жүгінген күні: 15.05.2022
- 48 Invest Qatar. Agriculture // Қатар инвестициясы жөніндегі сайты. – URL: <https://invest.qa/sectors-and-opportunities/agriculture>. Жүгінген күні: 15.05.2022
- 49 Civil Aviation Authority // Қатар Азаматтық авиация агенттігінің ресми сайты. – URL: <https://www.caa.gov.qa/en-us/About%20CAA/Pages/About-CAA.aspx>. Жүгінген күні: 15.05.2022
- 50 Qatar Chamber // Қатар Сауда-өнеркәсіп палатасының ресми сайты. – URL: <https://www.qatarchamber.com/vision/>. Жүгінген күні: 15.05.2022
- 51 About Qatar Foundation // Қатар қорының сайты. - URL: <https://www.qf.org.qa/about>. Жүгінген күні: 15.05.2022
- 52 What is it debate // Қатар деббаты орталығының сайты. – URL: <https://www.qatardebate.org/>. Жүгінген күні: 15.05.2022

53 Основные показатели экономики Катара // Take profit биржа орталығының сайты. – URL: <https://take-profit.org/statistics/countries/qatar/>.  
Жүгінген күні: 05.05.2022

Талдамалы жазба

Жоба авторы: магистрант Сиражет М.  
 Ғылыми жетекші: Мажиденова Д.М.,  
 тарих ғылымдарының докторы,  
 философ. ғ. к.

<p><b>Жоба идеясы</b></p>	<p>Қатардың Парсы шығанағындағы араб мемлекеттерімен ынтымақтастық кеңесіндегі орны және өңірдің болашағы</p>
<p><b>Күрделі жағдай (кейс)</b></p>	<p>Парсы шығанағының орталығында орналасқан кішігірім түбекті алып жатқан Қатар Мемлекетінің әл-ауқаты табиғи газ бен мұнай экспортына негізделген. Дегенмен, территориясы мен халық саны бойынша қарапайым көрсеткіштер мемлекетті стратегиялық тұрғыдан осал етеді. Аймақтағы жағдай созылмалы шиеленісті жағдаймен және билеуші отбасының геосаяси амбицияларымен күрделене түсуде. Олар көбінесе аймақтық державалардың мүдделеріне (САК, БАӘ) қайшы келеді. Қазақстанның көпвекторлы саясаты бүкіл әлеммен өзара тиімді қарым-қатынастарды жоғары деңгейде жүргізу еліміздің сыртқы саясатының мүдделеріне жауап береді. Қазіргі уақытта саяси-экономикалық тұрақсыз әрі құбылмалы жағдайда еліміздің балама транспорттық әлеуетін арттыру өте маңызды. Сондай-ақ, ПШАМЫК елдерінде әлемдік дәлелденген мұнай қорының шамамен 45% шоғырлануына байланысты елдеріміз арасында ынтымақтастықты нығайту мақсатқа сай келеді. Бұған қоса ПШАМЫК елдерінің әрекеттері өзге аймақтарға әсер етуіне байланысты халықаралық академиялық және сараптамалық топтардың назарын Таяу және Орта Шығыс мәселелері көбірек қызықтырады. Атап айтқанда, Ресей-Украина арасындағы қақтығыстың ықтимал шиеленісуі нәтижесінде Еуропаға Ресей газының жеткізілімі тоқтатылған жағдайда еуропалық нарықтағы мұнай бен газдың жетіспеушілігі де ауқымды мәселе.</p>

<p><b>Берілген мәселені қолданыстағы шешу тәсілдері</b></p>	<p>Қазіргі таңда Қатардың бірлескен экономикасын, оның сыртқы экономикалық байланыстарын, әсіресе Қатардың Парсы шығанағындағы араб мемлекеттерімен ынтымақтастық кеңесіндегі орны мен осы өңірдің болашағын егжей-тегжейлі зерттеуді қажет етеді.</p> <p>Бұл әрине Қатар экономикасының негізгі экономикалық көрсеткіштерін, ірі және перспективалы салаларын жүйелі талдауды, сондай-ақ Қатардың шет мемлекеттермен сауда және инвестициялық байланыстарын зерттеуді қамтиды. Ол нақты мысалдарда экономикалық процестердің динамикасын бағалауға, олардың эволюциясының ықтимал жолдарын анықтауға көмектеседі.</p> <p>Ресейдің араб мемлекеттерімен әр түрлі кезеңдегі экономикалық және саяси байланыстары екіұшты болды. Соңғы жылдары аймақтағы жағдайдың бірқатар өзгерістерге ұшырауына байланысты араб монархияларымен модернизациялауды зерттеуді талап етеді. Себебі Батыс елдері Ресейден алып отырған мұнай-газды балама ретінде ПШАМЫК елдерінен алуды меңзеуде.</p>
<p><b>Берілген мәселені шешудің ұсынылатын жолы</b></p>	<p>Жұмыстың мақсатын жүзеге асыру және қойылған міндеттер кешенін шешу үшін автор теориялық зерттеу әдістерін қолданады. Олар сипаттамалық, салыстырмалы, қазіргі көзқарастарды түсіндіру мен жалпылауды қамтиды. Сонымен қатар осы аталған әдіснамалық негіздер барысында ПШАМЫК-тағы Қатардың орны және өңірдің болашағы анықталып, Қатардың қалыптасуының әсерін әлемдік тәжірибиеде көрсете білді.</p> <p>Ғылыми зерттеудің теориялық-әдістемелік негізін анықтауда тарихи-танымдық, оқу-әдістемелік, энциклопедиялық-анықтамалық, халықаралық саяси мәселелерді зерттеу әдістері кеңінен қолданылды.</p>
<p><b>Күрделендіретін нәтиже</b></p>	<p>Парсы шығанағындағы араб мемлекеттерімен ынтымақтастық кеңесіндегі Қатардың орны және өңірдің болашағына талдау жасай отырып,</p>

	<p>тақырыпты кешенді зерттеу. Жұмыстың алға қойған мақсатына сәйкес мынадай міндеттерді орындауға тура келеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Парсы шығанағындағы араб мемлекеттерінің ынтымақтастық кеңесі және Қатардың Араб мемлекеттер лигасы мен Ислам ынтымақтастық ұйымындағы орнын анықтау;</li> <li>- Парсы шығанағындағы араб мемлекеттерінің ынтымақтастық кеңесіндегі Қатардың дипломатиялық дағдарысының дамуын қарастыру;</li> <li>- Қазақстан-Қатар және Қатар-Орталық Азия елдері қарым-қатынастарын зерделеу;</li> <li>- Қатардың саяси – экономикалық қалыптасуы және дамуын анықтау;</li> <li>- ПШАМЫК-тағы және Ресей-Украина арасындағы дағдарыстарды зерттей отырып, ұсыныстар беру және Қатар монархының АҚШ-қа жасаған сапары негізінде Қатар-АҚШ ынтымақтастығын зерделеу.</li> </ul>
<p style="text-align: center;"><b>Әдебиет</b></p>	<p>Зерттеу мәселесі төңірегінде отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерде ПШАМЫК-тың қызметі дәйекті түрде жарияланатын жалпылама жұмыстардың жетіспеушілігі байқалады.</p> <p>Негізінен осы кезге дейін оның тарихы, ішкі саясаты, әлеуметтік және мәдени ерекшеліктеріне баса назар аударылған. Жалпы Қатар мемлекеті туралы шетелдік зерттеушілер Д. Баллок, Ф. Гаузе III, Р. Захлян, Д. Кристал, А. Наба, А. Сауд, к. Фердинандтың еңбектерінен табуға болады.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Сенченко И.П. Государство Катар. Отражения во времени. - СПб.: Алетейя, 2020. - 420 с.</li> <li>- Исаев В.А., Оэолинг В.В. Катар. ОАЭ. - М.: Мысль, 1984. - 116 с.</li> <li>- Исаев В.А., Филоник А.О. Государство Катар: проблемы развития. М., 1999. 145 с.</li> <li>- Александров И. А. Монархии Персидского залива: этап модернизации. М.: Дело и сервис, 2000. 544 с.</li> <li>- El Mallakh Ragaеi. Qatar: Development of an Oil Economy. Taylor &amp; Francis, 1979. 183 p.; El Mallakh Ragaеi. Qatar: Energy &amp; Development. Croom Helm, 1985. 184 p.</li> </ul>



	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Nafi Zuhair Ahmed. Economic and social development in Qatar. F. Pinter, 1983.145 p.</li> <li>- Key Kerim Kami. The State of Qatar: an economic and commercial survey. K. Key Publications, 1976. 60 p.</li> <li>- Касаев Э.О. Катар в XXI веке: современные тенденции и прогнозы экономического развития [Текст] / Э.О. Касаев,; [авт. предисл. Н. П. Лаверов]; Ин-т Востоковедения РАН - Москва : Международные отношения, 2013 . – 182 с.</li> <li>- Катар в ССАГПЗ. Развитие дипломатического кризиса // Научная электронная библиотека «КиберЛенинка». – URL: <a href="https://cyberleninka.ru/article/n/katar-v-sovete-sotrudnichestva-arabskih-gosudarstv-persidskogo-zaliva-razvitie-diplomaticeskogo-krizisa/viewer">https://cyberleninka.ru/article/n/katar-v-sovete-sotrudnichestva-arabskih-gosudarstv-persidskogo-zaliva-razvitie-diplomaticeskogo-krizisa/viewer</a>. Жүгінген күні:05.05.2022</li> <li>- Bandar Salman Al Saud. The GCC security convention. University of Glasgow (1997). Дата обращения: 27 декабря 2013.</li> <li>- BP Full report – Statistical Review of World Energy 2021. P. 72. – URL: <a href="https://www.bp.com/content/dam/bp/business-sites/en/global/corporate/pdfs/energy-economics/statistical-review/bp-stats-review-2021-full-report.pdf">https://www.bp.com/content/dam/bp/business-sites/en/global/corporate/pdfs/energy-economics/statistical-review/bp-stats-review-2021-full-report.pdf</a>. Жүгінген күні: 02.05.2022</li> <li>- Шкваря Л.В., Айдрус И.А. Инвестиционный потенциал арабских стран Персидского залива // Азия и Африка сегодня. 2010. № 10. С. 41.</li> </ul>
--	---